

АҚАНТАЙДЫ АҢСАЙМЫН

8-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ



ҚАРТТЫҚҚА ҚОҒАМ ЖАЙЛЫ МА?

9-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



БАҚ ТУРНИРІНДЕ БАҒЫ ШАПҚАНДАР

12-БЕТ | СПОРТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Финляндияның таза энергетика, технология, цифрлық инновация, экологиялық жауапкершілік, басқару, білім беру және адам капиталы бағыттарындағы жоғары стандарттары әлемдік деңгейде мойындалды. Осы салалардағы Финляндияның жетістіктері көптеген елге, соның ішінде Қазақстанға да үлгі. Біз мұны жоғары бағалаймыз. Қазақстан Финляндиямен достық қарым-қатынасқа баса мән береді.

№127–128
(4872)
Бейсенбі
30 қазан
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР КЕЗЕГІМЕН ШЕШІЛЕДІ

Елордадағы №33 мектепте Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Нұра ауданының Үркер тұрғын алабы тұрғындарымен кездесіп, ашық диалог құрды. Қалалық мәслихаттың депутаттары, басқарма басшылары, елорда әкімінің орынбасарлары, құқық қорғау органдарының өкілдері мен түрлі сала мамандары қатысқан есеп беру жиынында аудан әкімі Ришат Тұрдыбеков жыл басынан бері атқарылған жұмыстар туралы баяндап, алдағы жоспарымен бөлісті.



АҚШ-та САММИТ ӨТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 6 қараша күні Вашингтонда өтетін Орталық Азия – АҚШ форматындағы саммитке қатысуға шақырғаны үшін Президент Дональд Трампқа шынайы ризашылығын білдіріп, хат жолдады. Бұл туралы Ақорданың телеграм-арнасы хабарлады.

Мемлекет басшысы аталған бастама дер кезінде көтеріліп отыр деп санайды. Қасым-Жомарт Тоқаев Дональд Трамптың ішкі және сыртқы саясаттағы негізгі мақсаттарын, атап айтқанда, ақыл-парасатқа негізделген дәстүрлі құндылықтарға беріктігін, сондай-ақ бейбітшілік пен қауіпсіздікті қорғауға ұмтылысын қолдайды.

ҚАНДАС ЕЛГЕ ОРАЛДЫ


2025 жылы 11 012 этникалық қазақ тарихи отанына оралып, қандас мәртебесін алды. Жалпы 1991 жылдан бері республикаға 1 млн 159,1 мың этникалық қазақ келді.

Жыл басынан бері елімізге келген қандастардың пайыздық үлесі: Өзбекстан – 45,7%; Қытай – 42,1%; Түрікменстан – 4,5%; Ресей – 2,6%; Монғолия – 2,6%; басқа елдер – 2,5%. Көшіп келген этникалық қазақтар еңбек күші тапшы өңірлер: Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар, Атырау, Батыс, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстарына қоныстандырылды.

ЖАҢА АРЕНА САЛЫНАДЫ

Қ.Мұңайтпасұлы атындағы Орталық стадионның орнына жаңа арена салынады. Оның жалпы ауданы – 18 950 шаршы метр.

Инклюзив қағидаттарына сәйкес, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған орындар қарастырылған. Кешеннің сыйымдылығы – 3 598 орын, футбол алаңының өлшемі – 105×68 метр, ол Қазақстан футбол федерациясының классификациясы бойынша IV санатқа сай келеді. Жаңа арена UEFA-ның халықаралық стандарттарына толық сәйкес болады, ол жоғары деңгейдегі жарыстар мен халықаралық турнирлер өткізуге мүмкіндік береді.



ЖОЛ БӨЛІГІ АШЫЛДЫ

25 қазаннан бастап Қ.Қайсенов көшесінде Ұлы Дала даңғылынан Бұқар жырау көшесіне дейінгі учаскеде қозғалыс ашылды.

Бұл бағытта бағдаршамдар орнатылып, абаттандыру, жарықтандыру және жол белгілерін орнату жұмысы жүргізілді. Сондай-ақ Қ.Аманжолов көшесінде Райымбек батыр көшесінен Ш.Қалдаяқов көшесіне дейінгі аралықта асфальтбетон жабынының төменгі қабатына дейін қозғалыс қамтамасыз етілді. Инженерлік желілерді жүргізу жұмысы аяқталды. 28 қазанынан бастап Д.Қонаев көшесінде Тұран даңғылынан Қабанбай батыр даңғылына дейін көлік қозғалысы қайта жанданды. Нысанның жер үсті бөлігінде негізгі құрылыс жұмысы аяқталды: жаңа жол жамылғысы төселді, жол таңбалары белгіленді, барлық қажетті жол белгісі орнатылды.

№127-128 (4872) 30/10/2025 Бейсенбі



АСТАНА – ХЕЛЬСИНКИ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға бірінші рет ресми сапармен келген Финляндия Президенті Александр Стуббқа сый-құрмет көрсетті. Жоғары деңгейдегі келіссөздерге дейін Ақорда резиденциясында Финляндия Президентін салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Протокол тәртібіне сәйкес, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Александр Стубб бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт берді. Екі елдің әнұрандары орындалғаннан кейін президенттер шағын құрамда кездесу өткізді.



Автор: Төлен ТІЛЕУБАЙ

СЕРІКТЕСТІККЕ ШЫНАЙЫ МҮДДЕЛІЛІК

«Сіздің сапарыңыз – екіжақты ынтымақтастықты дамытуға тың серпін беру тұрғысынан өте маңызды. Қазақстан мен Финляндия арасында достыққа әрі өзара түсіністікке негізделген ықпалдастық орнаған. Екі елдің ортасында шешімін таппаған мәселе жоқ. Дегенмен инвестиция және сауда салаларында бірқатар мүмкіндік бар. Сіздің бастамаңызбен өтіп жатқан бизнес-форумның орны ерекше. Бүгін аталған жиынға қатысамын. Бұл кәсіпкерлеріміздің іскерлік байланыстарды өрістетуіне зор септігін тигізеді деп ойлаймын. Бұдан бөлек, гуманитарлық ынтымақтастыққа айрықша мән береміз. Қазақстандықтар Финляндияны, сіздердің салт-дәстүрлеріңіз бен мәдениеттеріңізді құрметтейді. Көптеген отандасымыз Сіздің елге турист ретінде жиі барады. Сапарыңыз мемлекеттер арасындағы серіктестікті нығайту үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынына сенімдімін» деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Александр Стубб қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдіріп, бұл сапарды асыға күткенін айтты. «Бұл менің Қазақстанға үшінші мәрте келуім. Алғаш рет 2008 жылы мен Сыртқы істер министрі, ал сіз Сенат спикері лауазымын атқарған кезде жүздескен едік. Бұл жолы екі бағытқа баса назар аударамыз деп ойлаймын. Бірінші – өзара қарым-қатынас және іскерлік байланыстар. Бүгін Финляндиядан үлкен делегация келді. Оның құрамында 20-дан астам ірі компанияның өкілдері бар. Астана көшелерінен Isku және Honkarakenne сияқты танымал фин брендтерін көрдім. Бұл бізді қуантады. Келіссөздің екінші бағыты – сыртқы саясат және қауіпсіздік. Біршама мәселе бойынша ұстанымдарымыз ортақ, күрделі халықаралық жағдайлардың шешімін табуға бірлесе ұмтыламыз» деді Финляндия Президенті.

Бұдан кейін Қазақстан мен Финляндия президенттерінің келіссөзі екі ел делегацияларының қатысуымен одан әрі жалғасты. Президенттің айтуынша, Финляндия Қазақстанның Солтүстік Еуропа мен Еуропа Одағындағы басты сауда серіктесі саналады. Мемлекет басшысы Финляндияның таза энергетика, технология, цифрлық инновация, экологиялық жауапкершілік, басқару, білім беру және адам капиталы бағыттарындағы жоғары стандарттары әлемдік деңгейде мойындалғанын атап өтті. Аталған салалардағы Финляндияның жетістіктері көптеген елге, соның ішінде Қазақстанға да үлгі. «Сіздің басшылығыңызбен Финляндия Еуропада, сондай-ақ әлемде сындарлы рөл атқарады. Мемлекеттік ұстанымыңыз бен құндылықтарға беріктігіңіз Финляндияны дүние жүзіне үлгілі ел ретінде танытып отыр. Біз мұны жоғары бағалаймыз. Қазақстан Финляндиямен достық қарым-қатынасқа баса мән береді. Бұған дейін қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыруға, ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын дамытуға әзірміз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пікірінше, сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға мол мүмкіндік бар. Бұл ретте Үкіметаралық комиссияның жұмысы маңызды рөл атқарады. Президент фин делегациясының құрамында бизнес өкілдерінің болуы Хельсинкидің өзара серіктестікті тереңдетуге шынайы мүдделі екенін көрсетеді деп санайды. Еліміз Финляндия компанияларымен бірлескен жобалардың жүзеге асырылуына жан-жақты қолдау көрсетуге дайын. Қасым-Жомарт Тоқаев фин бизнесмендерін Орталық Азияның кең нарығына шығу үшін Қазақстанда шетел инвесторларына жасалатын қолайлы жағдайды пайдалануға шақырды.

Александр Стубб фин компаниялары Қазақстан нарығындағы қызметін кеңейтуге мүдделі екенін жеткізді. «Бүгінгі кездесулерге дайындық барысында делегациядағы кәсіпкерлердің бірі «Қазақстандағы өзгерістің бәрі жедел жүріп жатқанын түсіну керек. Сондықтан баяу қимылдап, бюрократияға жол беруге болмайды» деді. Бұл – дамудың даңғылына түскен елдеріміз үшін қуанарлық жағдай» деді Финляндия Президенті. Сондай-ақ тараптар өңірлік және халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫҢ СОНЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Александр Стубб «Қазақстан – Финляндия» бизнес форумына қатысты. Мемлекет басшысы Финляндия Президентінің Астанаға ресми сапары еларалық қарым-қатынастың жаңа кезеңіне жол ашатынын атап өтті. «Бүгін Президент Александр Стуббпен жүргізген келіссөз барысында Қазақстан мен Финляндия арасындағы серіктестікті кеңейтуге және дамудың жаңа мүмкіндіктерін іздеуге ниетті екенімізді растадық. Былтыр Финляндияның Қазақстанға құйған тікелей инвестициясы 80 пайыздан асып, жалпы есебі жарты миллиард долларға жуықтады. Финляндия инновация және технология салаларындағы көшбасшылығымен дамыған елдердің бірі ретінде әлдеқашан мойындалған. KONE, Nokia, Fortum секілді компаниялар – ел жетістігінің ең жарқын үлгілерінің бірі. Олар одан әрі өркендеуге ықпал етіп, новаторлардың жаңа буынын ынталандырды. Бүгінде Қазақстанда фин тарапының қатысуымен 50-ге жуық компания табысты жұмыс істейді. Олардың арасында Tikkurila, Wärtsilä, Nurminen, Metso, Valtra, Peikko және басқа да әлемге танымал брендтер бар. Қазақстан осы серіктестікті кеңейтуге, сондай-ақ еліміздегі фин инвестициясының және іскерлік тобының артуына бейіл» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент биылғы үшінші тоқсанда Қазақстан экономикасы 6,3 пайызға артқанын, бұл ірі халықаралық ұйымдардың жаһандық өсім болжамынан шамамен екі есе артық екенін айтты. Ішкі жалпы өнім көлемі 300 миллиард доллардан асады деп күтілуде. «Жан басына шаққандағы ІЖӨ көрсеткіші бойынша Қазақстан ТМД, тіпті одан тысқары елдер арасында бірінші орынға ие. Дегенмен бұл көрсеткіш Финляндиядан үш есе төмен. Еліміздің сыртқы сауда көлемі 140 миллиард доллардан асты. Бұл да осы аймақтағы ең жоғары нәтиже саналады. Негізгі серіктесіміз – Еуропа Одағымен өзара сауда көлемі 50 миллиард долларға жуықтады. Шағын және орта кәсіпорындар ұлттық дамудың іргетасы болып отыр. Экономикадағы оның үлесі шамамен 40 пайызды құрады. Біз бұл прогреске экономикада, сонымен бірге саясатта кешенді реформалар жүргізу арқылы толық қолдау көрсетіп отырмыз» деді Президент.

Мемлекет басшысы UNCTAD мәліметі бойынша, кейінгі бір жылда теңізге шығар жолы жоқ елдер арасында жаңа жобаларға салынған барлық инвестицияның 80 пайызға жуығы Қазақстанға тартылғанын, еліміздің үлесіне құны 1 миллиард доллардан асатын жобалардың бестен бір бөлігі тиесілі екенін жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Финляндия арасындағы ынтымақтастықтың бірқатар перспективті салаларына назар аударды. «Еуразияның қақ төрінде орналасқан Қазақстан – Шығыс пен Батысты жалғастыратын стратегиялық аймақ. Еуропа мен Қытай арасында құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 85 пайызға жуығы еліміздің аумағымен өтеді. Бұл құрлықтағы қатынастың маңызды күретамыры саналады. Жұртшылық Орта дәліз деп танитын, яғни Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамыта отырып, Қазақстан құрлықаралық сауданың орталық арнасы ретіндегі рөлін нығайта түседі. Орта дәліздің әлеуетін одан әрі ұлғайту үшін біз транзит ағынын оңтайландыру мен үйлестіруге арналған Smart Cargo бірегей цифрлық басқару платформасын іске қосамыз. Осы ретте аймақта тиімді мультимодальді көлік желісін құрған Nurminen Logistics фин компаниясының күш-жігерін жоғары бағалаймыз» деді Қазақстан Президенті.

ТИІМДІ КӨЛІК ДӘЛІЗІ

Қасым-Жомарт Тоқаев бұдан кейін еліміз Каспий теңізіндегі Ақтау және Құрық порттарын белсенді түрде жаңғыртып жатқанына тоқталды. Жылына 240 мың контейнер өткізу мүмкіндігі бар Ақтау портындағы контейнерлік хаб құрылысының алғашқы кезеңін биыл аяқтау жоспарланған. «Біз тәжірибе мен озық технологиялық шешімдерді алмасу арқылы Хельсинки және Хамина-Котка секілді фин порттарымен ынтымақтастықты тереңдетуге ұмтыламыз. Бұл елдеріміз арасындағы ықпалдастықтың жаңа бағыты болмақ. Фин компанияларын Еуропа мен Орталық Азия арасында тиімді және орнықты көлік байланысын орнатуға үлес қосып, күш жұмылдыруға шақырамыз» деді Мемлекет басшысы.

Президент атом қуатын еліміздің ұзақ мерзімді энергетикалық стратегиясының маңызды тірегі санайды. Болжам бойынша, 2030 жылға қарай әлемде уранға сұраныс 28 пайызға өседі, ал 2040 жылға қарай екі есе артады. «Еліміз жаһандық ірі уран өндірушілердің бірі саналады, яғни әлемдік сұраныстың 40 пайызын қамтамасыз етіп отыр. Қазақстанның Атом энергиясы жөніндегі агенттігі мен Финляндияның Радиациялық және ядролық қауіпсіздік басқармасы (STUK) ядролық отынды бейбіт мақсатта пайдалану әрі тәжірибе алмасу бойынша серіктестік орнатты. Біз бұл ынтымақтастықты құптаймыз. Осы орайда Суомидің қауіпсіздік және орнықты ядролық шешімдеріне арқа сүйей отырып, ядролық қалдықтарды басқару бойынша бірлесе әрекет етуге әзірміз. Сонымен қатар Қазақстан көмір энергетикасы саласында таза, тиімді әрі экологиялық шешімдер қабылдауға ұмтылады. Біздің стратегиямыз шығарындыларды барынша азайту үшін заманауи технологияларды енгізуге және өнеркәсіптің, әсіресе, электр энергиясы өндірісінің тиімділігін арттыруға бағытталған. Сондықтан біз келешегі зор ынтымақтастыққа фин сарапшыларының қатысуын қуаттаймыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

СЕНІМДІ НЫҒАЙТУ ЖОЛЫ

Мемлекет басшысы елімізде инновациялық гибридті энергетикалық жүйе мен электр энергиясы өндірісінің икемді технологиясын енгізген Финляндияның Wärtsilä компаниясына алғыс айтты. Президент Қазақстанда энергияның дәстүрлі көздерінен бөлек, пайдалы қазбалардың мол қоры бар екенін атап өтті. Олардың көбі әлі игерілмеген. «Еліміз сирек кездесетін әрі Еуропа Одағы экономикасы үшін аса маңызды саналатын 34 элементтің 21 түрін өндіреді. Біз нақты прагматикалық әдіске жүгінеміз: шикізатты инвестиция мен технологияға алмастырамыз. Финляндияның Metso компаниясы минералды шикізатты өңдеу және өндірісті автоматтандыру салаларында озық шешімдер ұсынып жатыр. Осы бағыттағы ынтымақтастық аясын кеңейтуге мүмкіндік мол екенін байқаймыз» деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Финляндия іскерлік топтарын «Астана» халықаралық қаржы орталығымен байланыс орнатуға шақырды. Сонымен қатар қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану салаларындағы бірлескен бастамаларды кеңейтуде мол әлеует бар екенін атап өтті. «Елімізде ауа сапасын болжаудың озық моделін пайдаланатын SILAM жүйесі табысты жұмыс істеп тұр. Орман шаруашылығында да айтарлықтай перспектива бар. Біз ағаш кесудің экологиялық тұрғыдан қауіпсіз тәсілдерін ілгерілетуге, кәсіби даярлау бағдарламаларын әзірлеуге және ағаш өңдеуде заманауи технологияларды енгізуге баса мән береміз» деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің фин компанияларына сенімді әрі ұзақмерзімді серіктес болуға ұмтылатынын айтты. «Бүгінгі кездесу – экономикалық байланыстарымызды нығайту жолындағы маңызды қадамдардың бірі. Бұл форумда жай ғана келісімдер жасалмайды. Кәсіпкерлер, инженерлер және озық ойлы азаматтар арасында байланыс орнатылып, сенім нығаяды» деді Мемлекет басшысы.

Финляндия Президенті қазақстандық кәсіпкерлер жұмысының тиімділігін, сондай-ақ екі ел бизнес құрылымдарының арасында өзара сенім бар екенін атап өтті. «Біз құбылмалы, болашақты болжау қиынға соғатын, күрделі геоэкономикалық әлемде өмір сүріп жатырмыз. Мұндай кезде бизнес шын мәнінде тұрақтылықты қажет етеді. Бүгін Қазақстан мен Финляндия арасында саяси деңгейде келісімдер жасалды. Ал осындай уағдаластықтар тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Бұдан бөлек, өзара түсіністік жөніндегі меморандумдарға қол қойып, құжаттар алмастық» деді Александр Стубб.

№127-128 (4872) 30/10/2025 Бейсенбі

АБАТТАНҒАН НЫСАНДАР ТЕКСЕРІЛДІ

Мәслихаттың бір топ депутаты елорда аудандарына абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау жұмыстарына биылға бөлінген қаржылардың тиімді де толық игерілуін тексеру үшін Сарайшық ауданының бірнеше нысандарын аралады.



Бірінші нысан – «Хайвилл» тұрғын үй кешенін айнала абаттандыру жұмыстары тексерілді. Бұл – жанында «Хазірет Сұлтан» мешіті, Бейбітшілік және Келісім сарайы, Тәуелсіздік сарайы, Ұлттық музей орналасқан, шетел азаматтары, басқа да ішкі туризмге қатысушылар келетін аудан.

– Мұнда негізгі жұмыстар сапалы да көрнекті жасалған. 15 мыңдай тұрғын тұратын кешендегі халық ризашылығын білдіруде. №74 мектепке жақын «Жұмысшылар мамандықтары жылы» аллеясы тұрғындардың сүйікті орындарының біріне айналған. Жұмыстар толық біткен, – дейді Астана қалалық мәслихатының депутаты Кендебай Адамбек.

Тағы бір маңызды жұмыс – Шәмші Қалдаяқов көшесі, 23/2 мекенжайында орналасқан гүлзар, ол бір айда жасалған. Бұл жерде көпқабатты тұрғын үй кешенін белгілі құрылыс фирмасы салу керек болған. Алайда қала әкімдігі мен мәслихаттың қолдауымен көпсалалы гүлзар жасалуда. Жұмыстар 95 пайыз біткен, қоғамдық бақылау бар. Депутат нысанды бітіру үшін келесі нақтылау жиынында біршама қаржы бөлу жағын пысықтау қажеттігін айтады. Аудан басшылығы өз ұсыныстарын да жеткізді. Алдағы комиссия отырысында олар қаралып, мәселені шешу жолдары енгізіледі.

МЕДИАЦИЯ – КЕЛІСІМГЕ ЖОЛ

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы аясында елордадағы Достық үйінде «Әлеуметтік және этносаралық қақтығыстарды реттеудегі медиацияның рөлі» атты халықаралық ғылыми конференция өтті. Конференция жұмысына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Болгария және басқа елдердің жетекші ғалымдары, сарапшылары, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.



– Достық үйінде этномедиация кеңесі жұмыс істейді, оның құрамына кәсіби және қоғамдық медиаторлар, оның ішінде этномәдени бірлестіктердің өкілдері кірді. Біздің медиаторлар үлкен жұмыс жүргізуде, қазіргі уақытта Астанада этносаралық немесе ұлтаралық қақтығыстар жоқ. Осыған қарамастан, біз мұндай жағдайлардың алдын алу үшін жұмыс істеп жатырмыз. Шетелдік мамандарды шақырып, онлайн форматта Болгария, Қырғызстан және Өзбекстан ғалымдары мен медиаторлары қатысты. Бұл медиация саласында тәжірибе алмасуға және ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік береді, – деді Қазақстан халқы Ассамблеясы елордалық бөлімшесінің этномедиация орталығының үйлестірушісі Роза Бекішева.

Астана қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы этномедиация кеңесінің төрағасы Сымбат Шәкіров әлеуметтік және этносаралық қақтығыстарды реттеудегі делдалдықтың рөлін, сондай-ақ қоғамдағы өзара түсіністік пен келісімді нығайтудың маңыздылығын атап өтті. Ол этномедиация институтын, азаматтық бейбітшілік пен ұлттық бірлікті қамтамасыз ету тетіктерін дамытудың маңыздылығын айтып, қоғамдық өмірдің барлық салаларында Медиация мәдениетін жүйелі түрде ілгерілету қажеттігін жеткізді.

– Қоғамдық медиация – Ассамблея қызметінің негізгі бағыттарының бірі. Оның күнделікті өмірдегі рөлі әдеттегіден әлдеқайда ауқымды. Бұрын біздің барлық жұмысымыз бейбітшілік пен келісім идеяларына негізделген, бірақ күнделікті тәжірибе оны медиаторлардың қатысуынсыз жасай алмайтындығын көрсетеді. Біз қоғамдық медиацияның қала деңгейінде өз көкжиегін кеңейтуі туралы айтып отырмыз және денсаулық сақтау, білім беру, қоғамдық өмірдің басқа да салаларында Медиацияны дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Медиация біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды, – деді Астана қаласы ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Ләззат Құсайынова.

Дөңгелек үстел барысында қатысушылар пікір алмасып, этностардың өзара келісімі мен қоғамдық іс-қимылдың жаңа үлгілерін ұсынды.

ЖАҢА МІНДЕТТЕР БЕЛГІЛЕНДІ

Астанадағы полиция департаментінде есірткі құқықбұзушылығының алдын алу жөніндегі кеңестің отырысы өтті. Департамент бастығы, полиция генерал-майоры Марат Төлебаевтың төрағалығымен өткен отырысқа қалалық мәслихат депутаттары, танымал спортшылар, қоғам қайраткерлері және медиа тұлғалар қатысты.

Кеңестің жаңа мүшелеріне есірткі құқықбұзушылықтарының алдын алу, заңға бағыну мәдениетін насихаттау және профилактикалық жұмысты жетілдіру бойынша нақты шараларды бірлесіп жүзеге асыруға дайын екендігін растайтын куәліктер табысталды. Елордадағы есірткі құқықбұзушылығының алдын алу жөніндегі кеңестің тәжірибесі Ішкі істер министрлігі тарапынан маңызды бастама ретінде танылып, оның жұмысы өңірлерге үлгі ретінде таратылатыны атап өтілді. Кеңес мүшелері өз бағыттары бойынша ұсыныстарын білдіріп, жоспарланған жобаларды жүзеге асыруға бар күш-жігерін салуға дайын екендерін жеткізді. Отырыста атқарылған жұмыстар қорытындыланып, алдағы кезеңге арналған жаңа міндеттер белгіленді. Полиция департаментінің бастығы есірткі қаупіне қарсы күресте мемлекет пен қоғам күшінің бірігуінің маңызын атап өтті.

«Есірткі құқықбұзушылықтарының алдын алуда және жастарды есірткінің зиянды ықпалынан қорғауда тұрақты нәтижеге тек қоғамның белсенді араласуы және әр азаматтың жеке жауапкершілігі арқылы ғана қол жеткізуге болады» деді Марат Төлебаев.

Ведомство ішінде кеңестің жүйелі түрде жұмыс істейтіні, нақты нәтиже мен қоғамды есірткі қатерінен қорғауда ұзақмерзімді тиімділікке бағытталатыны айтылды. Елордада прокуратура мен қалалық Полиция департаментінің үйлестіруімен есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бойынша кешенді шаралар жалғасуда. «Заң және тәртіп» бастамасы аясында жүргізіліп жатқан шаралар бірлескен рейдтер өткізуді, оқу орындарында профилактикалық кездесулер ұйымдастыруды, сондай-ақ тыйым салынған заттарды тарататын интернет-ресурстарды анықтау және жою жұмысын қамтиды.

Жыл сайын 29 қазанда Қазақстанда Қамқоршылар күні атап өтіледі. Осыған орай елордада әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында мерекелік іс-шара өтті. Жиынға ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеу жолында үлкен жауапкершілікті мойнына алған жандар жиналды.

ҚАМҚОРШЫЛАР КҮНІ АТАП ӨТІЛДІ



Бүгінде Астанада 800-ден астам жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар отбасында тәрбиеленуде. Салтанатты іс-шарада 600-ден астам қамқоршы Астана қаласы білім басқармасы басшысының атынан құттықтау хаттар алды. Сондай-ақ «Әкелер Одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі Астана филиалының төрағасы Күзембай Бекдайыр бала асырап алған ата-аналарды мерекемен құттықтады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес баланы қабылдауға үміткер әрбір адам міндетті түрде патронаттық ата-аналар мектебінде психологиялық дайындықтан өтеді. Әлеуетті асырап алушылар қатаң тексеріліп, құжаттар жинайды, медициналық тексеруге алынады, сотты болған, болмағаны қаралады. Тіпті жақын туыстары да заңды талаптарға сай болу үшін қамқоршылықты ресми түрде рәсімдейді. Егер баланы жақын туыстарына беру мүмкін болмаса, мамандар басқа үміткерлерді іздейді.

Сондай қамқор жандардың бірі Шолпан Қалынғарова қызы ажырасқаннан кейін 4 немересін қамқорлығына алып, 2023 жылы ресми қамқорлықты рәсімдеді. Оның айтуынша, балаларды тәрбиелеу үлкен күш пен қуатты қажет етеді, бірақ ол өзінің тәжірибесінің және отбасының қолдауының арқасында бәрін жеңіп келеді.

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Астанада тұрғын үй секторында және әлеуметтік осал азаматтардың тұрғылықты жерінде өрт қауіпсіздігі бойынша республикалық профилактикалық акция басталды.

Қалада 50 көміртегі тотығы датчигі орнатылды. Акция барысында ТЖМ және қалалық ТЖД қызметкерлері, еріктілер, полиция, әкімдіктер және «Астана-АЭК» ЖШС өкілдері Сарыарқа ауданындағы үйлерді аралап, тұрғындарға өрт қауіпсіздігі ережелерін, түтін мұржаларын тазалау, улы газ датчиктерін орнату және пеш жабдықтарын пайдалану кезінде сақтық шараларын сақтау қажеттігін еске салды.

– Акцияның мақсаты – өрт қаупін азайту ғана емес, сонымен қатар азаматтардың үйдегі қауіпсіз жағдайды сақтау туралы хабардарлығын арттыру. Қарттар мен балалары бар отбасылардың үйлеріне, сондай-ақ пешпен жылытылатын пәтерлерге ерекше көңіл бөлінеді, – деп атап өтті Астана ТЖД маманы Ерназар Қаршыға.

Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, биыл жылдың басынан бері 465 өрт тіркелген, оның 300 – і қала аумағында, ал 165-і тұрғын үй секторында болған. Өрттің ең көбі жеке үйлерде болады. Өрт салдарынан жыл басынан бері 9 адам қаза тапты. Жылыту кезеңінің басынан бастап, яғни 2025 жылдың 1 қазанынан бері тұрғын үй секторында 15 өрт тіркелді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13,3%-ға артық.

– Талдау көрсеткендей, өрттің негізгі себептері электр аспаптарын пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу болып қала береді – 73%, пешпен жылыту кезінде отпен абайсызда жұмыс істеу – 13%, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі ережелері туралы халықтың хабардар болмауы. Адамдар көбіне ақаулы немесе үйде жасалған жылыту құрылғыларын пайдаланады, электр желілерін шамадан тыс жүктейді, пештер мен мұржалардың дұрыстығын тексермейді, – дейді мамандар. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті әкімдікпен бірлесіп 2025-2026 жылдарға арналған тұрғын үй секторында өрт профилактикасын жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірледі. Жоспарда 26 іс-шара көзделген.

– Жылыту маусымы басталғаннан бері тұрғын үй секторы бойынша 80 рейд жүргізілді, 31 000 үйдің 4 437-сі қамтылды. Өрт қауіпсіздігі талаптарын 8 000-ға жуық бұзушылық анықталды. Департаменттің есебінде халықтың әлеуметтік осал топтарынан 1 738 отбасы, оның ішінде 704 отбасы жеке секторда тұрады. Бұл отбасылардың барлығы профилактикалық жұмыстармен толық қамтылған, ал тізімдер атаулы көмек көрсету үшін құзыретті органдарға жіберілген, – деп хабарлады ведомстволық баспасөз қызметі. Соңғы төрт жылда әлеуметтік осал санаттағы үйлерде 3000-нан астам көміртегі тотығы датчигі орнатылды. Биыл аудан әкімдіктерімен бірлесіп тағы 233 отбасы датчиктермен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар оннан астам үйде пештер мен электр сымдары жөнделді. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

№127-128 (4872) 30/10/2025 Бейсенбі

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ





КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР КЕЗЕГІМЕН ШЕШІЛЕДІ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Тұрғындардың қолдауымен жыл басынан бері Нұра ауданының, соның ішінде Үркер тұрғын алабының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Бұл ретте басты назар абаттандыру, қауіпсіздік, қолайлы жағдай мен инфрақұрылымды дамытуға аударылуда.

– «Жасыл бульвар» аллеясы немесе «GreenLine» саябағы – бұл қала әкімінің қолдауымен биыл қалада салынған ірі жобалардың бірі. Саябақтың ұзындығы 3,7 шақырымды, аумағы 18 гектарды құрайды. Мәселен, биыл жобаның алғашқы кезеңі – Әнет баба көшесінен Күлтегін көшесіне дейінгі бөлігі аяқталды. Бұрынғы құрылыс алаңының орнында ағаштар, гүлбақтар мен демалыс аймақтары бар жасыл желекжол салынды. Мұнда мыңдаған ағаш пен ондаған мың көпжылдық өсімдік отырғызылып, нәтижесінде аумағы жанданды. Тағы бір сәтті жоба – Әйтеке би көшесіндегі саябақ. Бұрын бос жатқан жер бүгінде тұрғындарға арналған жайлы ортаға айналды: жаяу жүргінші аймақтары жаңартылды, мыңнан астам ағаш отырғызылды, заманауи жарықтандыру орнатылды. Қазір бұл орын жақын маңдағы тұрғындар жиі баратын сүйікті демалыс орнына айналған, – деді аудан әкімі.

Орталық саябақ та жаңартылды: жаяу жүргіншілер жолағы реттеліп, жаңа орындықтар мен қоқыс жәшіктері орнатылды. Саябақтардағы қоғамдық кеңістіктер заманауи сипат алып, жайлылығы арта түсті.

Samruk Towers, Highvill Park тұрғын үйлерінің маңындағы және Үркер тұрғын алабындағы Рәбиға Есімжанова көшесінің бойындағы қоғамдық кеңістіктер де абаттандырылды. Қазіргі уақытта Madrid, Copenhagen, Inju City, «Алтын Шар» тұрғын үй кешендерінің жанында жаяу жүруге ыңғайлы көгалдандырылған демалыс аймақтарын көбейту жұмыстары жалғасып жатыр. Бұл бағытта жұмыстар тоқтамайды.

Аудан басшысының айтуынша, аулада орналасқан аумақтарға да ерекше көңіл бөлініп отыр. 2025 жылы 19 мекенжай бойынша кешенді абаттандыру жүргізілді, оның ішінде 10 аула «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша жөнделді. Сонымен қатар 50 аулада қалпына келтіру жұмысы жүргізілді.

– Соңғы екі жылда ауданда 10 мемлекеттік мектеп, оның ішінде Президент бастамасымен салынған 8 «Келешек мектебі», сондай-ақ 4 жеке мектеп, 2 медициналық орталық, балабақша, спорт кешені және Үркер тұрғын алабында өрт депосы пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін тағы 2 мектеп, ал 2026 жылы жаңа балабақша ашу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, әлеуметтік маңызы бар жобалар жүзеге асып жатыр. Бүгінде «Бочча» инклюзивті спорт орталығы, көпфункционалды кешені, «BI ART» музыкалық өнер орталығы, шаңғы-роллер базасы салынып жатыр, – деді Р.Тұрдыбеков.

АУЛАЛАР АБАТТАНДЫРЫЛДЫ

Ауданды көгалдандыруға ерекше назар аударылып келеді. Биыл 7 мыңға жуық ағаш, 85 мың бұта отырғызылды. Жасыл желектер тек орталық көшелерде ғана емес, аулаларда да отырғызылып жатыр. Сонымен бірге биыл ауданда 11 көшеде жол салынды.

2025 жылы 19 мекенжай кешенді абаттандырылды, оның 10-ы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша жүзеге асырылды. Сондай-ақ 50 аулада жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Үркер тұрғын алабында жыл басынан бері 35 мекенжай мен 6 гүлзар жөнделді, бұл жерлерде орындықтар, урналар, тротуарлар жаңартылып, ойын және спорт элементтері орнатылып, әсіресе №33 және №69 мектептердің жанындағы сквелрер, сондай-ақ «Ақтамберді жырау», «Айғыржал» және «Байғозы батыр» сквелрері жандандырылды.

Үкілі Ыбырай және Ақтамберді жырау көшелерінде 4 аула (11 үй, 565 пәтер, 2147 адам «Астана» МЖК) абаттандырылды. Мұнда жаңа тротуарлар, спорт алаңдары, 2 футбол алаңы пайда болды, ағаштар отырғызылды, шағын сәулет нысандары орнатылды.

2025 жылдың басынан бері ауданда 15 640 оқушыға арналған 6 «Келешек» мектеп ашылды. Олар – № 33, 45, 100, 110, 115, 117 мектептер. Оның ішінде Үркерде 1600-ден астам бала оқитын №33 мектеп пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін №94 мектеп, ал келесі жылы – 300 орындық балабақша (Сырым батыр және Қожаберген жырау көшелері бойынша) іске қосылады. Доспамбет жырау көшесінде №25 өрт сөндіру бөлімі ашылды.

ТҰРҒЫН АЛАП КӨРКЕЙІП КЕЛЕДІ

Жұмыстың басым бағыттарының бірі – ауданды көгалдандыру. Биыл Үркер тұрғын алабындағы Ш.Руставели көшесінде, дене шынықтыру-сауықтыру кешені алаңында, Ә.Қашаубаев, Н.Хикмет, Сырым батыр және Б.Сәдуақасов көшелерінің бойында 870-тен астам ағаш, 750 бұта отырғызылды.

Көшелерді жарықтандыруға көп көңіл бөлініп келеді. Көшені жарықтандырудың 40 тірегі орнатылып, 366 жарықдиодты шамдар ауыстырылды.

Тұрғын алапта жаңа тұрғын үйлер, мектептер, көшелер мен кварталдар пайдалануға берілді. Биыл 21 жаңа контейнер алаңы орнатылып, 46-сы жөнделді. Аудан бойынша барлығы 915 контейнерлік алаң бар. 100-ден астам контейнер жөндеуді немесе кеңейтуді қажет етеді. 430 көмілген контейнер орнатылды.

Ауданның эстетикалық келбетін арттыруға және сыртқы жарнаманы орналастыру ережелерін сақтауға бағытталған іс-шаралар жалғасуда. Осы ретте Исатай батыр, Есет батыр, Н.Әбдіров, Сырым батыр, Қожаберген жырау, 201-көшедегі 200-ден астам заңсыз орнатылған жарнама конструкциялары алынып тасталды.

Бүгінгі таңда Үркер тұрғын алабында 100-ге жуық аялдама павильоны жабдықталған, оның ішінде 6-уы – жылы аялдама. Ағымдағы жылы 100 павильонда жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Жыл соңына дейін тағы 2 жылы павильон орнату жоспарлануда.

52 жол учаскесінде квартальішілік жолдардың шұңқырлы жерлері жөнделді, сондай-ақ 1114 шаршы метр аумаққа белгілер қойылды және 12 дана көлемінде ЖТҚ орнатылды.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясында 49 бейнебақылау камерасы орнатылды, жыл соңына дейін тағы 198 камера орнатылды. Аудан аумағында барлығы 200-ден астам камера жұмыс істейді.

2025 жылдың басынан бері Үркердің 26 көшесіне 512 бірлік мекенжай тақтайшасы орнатылды.

ГАЗДАНДЫРУ ЖАЛҒАСУДА

Аудан аумағында 174 км-ден 110 км газ құбыры салынды, 1600-ден астам абонент қосылды. Қалған желілер ағымдағы жылдың соңына дейін аяқталады. Бүгінгі таңда қалған 64 км бойынша жұмыстар жалғасуда, бұл 36 000 тұрғын мен 4995 тұрғын алабының абонентін газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Үш сағатқа созылған кездесуде аудан халқы өздерін толғандырған өзекті мәселелерді ортаға салды. Соның ішінде тұрғын үйлерді жөндеу, жеделсатылардың тозығы жеткені, құрылыс компанияларының проблемалық нысандары, газдандыру, жолдардың жөнделмеуі және жылы аялдамалардың аздығы, көшелерді жарықтандыру және өзге де жекелеген тақырыптар бойынша мәселелер көтерілді.

Тұрғындарды толғандырған мәселенің бірі – жеке секторды газбен қамтамасыз ету. Сондайақ кездесуде сөз алғандардың айтуынша, тұрғын алаптағы бес көшеде бағдаршамның болмауы жол көлік оқиғаларының көбеюіне әкелуде. Барлық көше бірдей жарықтандырылмағандықтан, кешкісін көшеде жүру қиын. Сондықтан алап тұрғындары түнгі патрульдің болуын ұсынды. Үркер қаланың сыртында орналасқандықтан бейнебақылау камералары, әсіресе балалар ойын алаңдарына қажет-ақ.

– Соңғы үш жылда Нұра ауданының дамуы мен абаттандырылуы тұрғындардың ұсыныстарын ескере отырып, жүйелі түрде жалғасуда. Үркер тұрғын алабында көп жұмыс атқарылды. Өрт сөндіру бөлімі, мектептер, балалабақшалар пайдалануға берілді. Негізгі көшелерге асфальт төселді, жаңа автобус маршруттары іске қосылды. Неше жылдан бері жүргізілмеген газ қосылды. Ол кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Жыл соңына дейін тұрғын алап толығымен газдандырылады. Сіздердің бастамаларыңызбен қала әкімдігі қолдау білдіріп, игі жұмыстар жүзеге асырылды. Алдағы уақытта да жалғаса береді. Келесі жылы «GreenLine» саябағы мен Әйтеке би көшесіндегі саябақты аяқтау жоспарланып отыр, – деді қала басшысы.

Аудан тұрғындарын жол қозғалысы мәселесі де толғандырады. Қаладағы көлік кептелісін шешудің жолдары туралы елорда әкімі мынадай уәж айтты. Бас қалада автобустардың орташа жылдамдығы 3,5 км/сағатқа артып, жолаушылар ағыны күніне 1,15 миллион адамға дейін өсті. Екі жарым жыл ішінде автопарк 900 автобуспен толықты, 2026 жылға қарай тағы 400 автобус қосылады. Тәуелсіздік даңғылынан әуежайға дейін жаңа автожол салу жоспарлануда, бұл Мәңгілік ел даңғылына жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

Кездесуде Астанадағы бұрынғы Орталық әмбебап дүкеннің ғимаратын жөндеуді кім қаржыландыратыны туралы мәселе көтерді. Осыған орай әкім бюджет қаражатының бұл мақсаттарға жұмсалмайтынын жеткізді.


Асқар Забибулин көшесінің тұрғындары осы маңда отырғызылған ағаштардың күтімсіз қалғанын, кейбірі қисайып бара жатқанын, сондай-ақ Үркердің аумағында бос жатқан учаскелердің барын, ол қоқыстың орталығына айналғанын айтты.

– Сөзіңіздің жаны бар. Қалада Тұран көшесінің бойында, Мәңгілік ел бойындағы сквердe, Ш.Айтматов көшесіндегі былтыр, алдыңғы жылы егілген ағаштардың біреуі де солған жоқ. Өйткені ол жерде бақылау бар және «Зеленстрой» қамқорлығына алып отыр. Ал енді Үркерде жағдай басқаша. Үшбес жыл бұрын егілген ағаштар солып жатыр. Биыл күзде егілген ағаштарға ерекше бақылау болады. Солып қалған ағаштардың орнына көктемде жаңа жасыл желек отырғызылады. Оны мен бақылауыма аламын. Ал бос жатқан жерлер бойынша аудан әкімі маған есебін береді, оның иелері бар шығар, анықтаймыз. Сіздердің барлық мәселелеріңіз осы жерде қаралды, шешуге қалдырылғандарымен бір-бір жарым аптада аудан белсенділерімен, жауапты мекеме басшыларымен бірге кездесу өткізіп, толығымен шешіледі, – деді Жеңіс Қасымбек.

Қала басшысы кездесуде көтерілген әр мәселе бойынша жауапты компания өкіліне аталған проблеманы тез арада шешуге тапсырма берді.







№127-128 (4872) 30/10/2025 Бейсенбі

Қазір жасы бар, жасамысы бар өзге мәдениетке, жат дәстүрге қызығатындар аз емес. Тіпті олардың саны артып та келеді. Ол терең білімнен емес, жаппай еліктеуден екені байқалады. Ұлттық құндылықтар жөнінде тәп-тәуір бастамалар көтеріліп-ақ еді, тиянақсыздықтан, бақылаудың кемдігінен жарты жолда шашылып қалғандай. Әйтпесе, жаңару тұсында әр сала өз құндылықтарын елеп-екшеп, ұлттық болмысты, қадір-қасиетті айқындап алудан артық қандай елдік маңызды іс бар?

ЕЛІГУ мен ЖЕЛІГУ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

Мұндай босаңсу, құндылықтарды құнттамау түбінде қоғамдық мінез-құлыққа әсер етпей қоймайды. Бұл туралы Мемлекет басшысы: «Ашығын айтуымыз керек, қазір адамдарда дөрекі сөйлеп, бір-біріне ерегісіп, жаға жыртысатын әдет бар. Осындай келеңсіз оқиғаларды, әсіресе, қоғамдық орындарда, жол бойында жиі көруге болады. Өкінішке қарай, солардың ішінде айқай-шу шығаратын, балағат сөздер айтып, қоғамдық тәртіпті бұзатын әйелдер де бар. Бұл – мәдениетті, өркениетті қоғамға жараспайтын қылық, еліміздің халықаралық қоғамдастықтағы беделіне зиян келтіретін құбылыс» деп ашына айтты. Рас, көкбеттенетін тек әйел қауымының өкілдері ғана емес. Ұсақталып кеткен, көкезу, беймінез ер азаматтар да жетіп артылады. Енді мұны түзеу үшін қандай амал істеліп жатыр? Әзірге бірді-екілі теле дау-дамайдан, даурықпа талқылаудан, шай мен боза үстіндегі әңгімеден өзге жүйелі жұмыс көрінбейді, естілмейді.

Бұл айыппұлмен азайтатын, тыйып яки болмаса сылып тастайтын оңай шаруа емес. Қайткенде де сол үрдіс әлі әр жерде жалғасып жатыр, өздігінен реттеле салатын түрі тағы көрінбейді. Шындығында, мұны көп болып, біртұтас ел деңгейінде қолға алмаса, жағдай ушығып кетуі мүмкін. Сондықтан, әлеуметтік маңызы бар мәселені отбасы әдебі мен тәрбиесіне ғана жүктеп қою – сындарлы шешім емес. Бұл Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия құрылымдары, әртүрлі қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялар белсене кірісетін шаруа деп санаймыз.

Тағы бір алаңдатар, көңілге алар жайт бар. Соңғы кезде коммуникация құралдарында, әлеуметтік желілерде қайбір бойжеткен, қыз-келіншек жеке өмірін жалпақ жұртқа жариялау жарысына түсіп, алдына жан салмай барады. Жарнамалатып, әйелдерге ажырасу төңірегінде ашық үгіт жүргізе бастады. Еліктеудің көкесін көрсететіні сонша, есін де, етегін де жинай алмай қалып жатады. Оразасын, сауатын әлеуметтік желімен ашатыны сезіліп тұрады. Өмірде көрген-білгені, оқыған-тоқығаны бар шетелдік замандастарынан орнықты мінезді, пайдалы кәсіпті үйренсе, озық мәдениетпен, біліммен қаруланса бірсәрі. Елін-жерін, тарихын, шыққан тегін, салт-дәстүрін мансұқтап, «өзіңді жақсы көр, сонда ғана бақытқа жетесің, байлыққа бата қаласың», «әр адамның өзінің жеке кеңістігі болуы керек» деген тар түсінікке тұсалып, басы айналып қалатын сияқты.

Заманауи психология тәсілін оқып алып, қоғамда адамдардың қарым-қатынасын өзінше бағалауға тырысады. Өз ортасынан тек негатив іздейді. Сонда елімізде, дәстүрімізде бұрын-соңды болмаған дүдәмал ой, жұқпалы «індет» бізге қайдан келіп жатыр? Сырттан таңылады ма, әлде іштен қаулап өсіп бастады ма? Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, айтатыны «жаңа» адамдардың «абьюзер», «тиран», «токсик», тағысын тағы түрлері. Сырттан келген атауларға сәл-пәл анықтама бере кету артық болмас. «Токсик» – айналасындағылардың өмірін уландырып, жағымсыз және ыңғайсыз атмосфера тудыратын адам. Ал «абьюзер» – отбасыда, өзге қарым-қатынастық байланыста психологиялық, физикалық немесе экономикалық зорлық-зомбылық істейтін қатал зұлым. «Тиран» дегені – қысым көрсететін, басқаларды билеп-төстейтін немесе азаптайтын қатыгез. Осылай психологиялық зорлық-зомбылықтың түрін түстеп, жілігін жіктеп тастаған. Соның арқасында «газлайтинг», «ред флаг» ұғымдары да заманымызда отбасын, ата-ананы, ұлтты, тіпті мемлекетті ыдыратуға қызмет ететін «ұлы» ұғымдарға айналып кетті.

> Әлем игілігін жөнімен, жүйесімен игерейік. Ұл-қызымызды, некелі жас отбасыларды, тағдырдан ащы сабақ алған азаматтарды жақсы жолға салудың үлгісі елдік салт-дәстүрімізде, рухани мұрамызда тұнып тұр

Ата дәстүрімізде, дінімізде қыз баласын қорлауға, оған жәбір көрсетуге, азаматтың қадір-қасиетін кемітіп, ерді ез етуге жол берілмеген. Осыған байланысты:

«Ері әйелін сыйласа –
ердің бақыт тапқаны,
Ерін елі сыйласа –
әйелдің бақыт тапқаны» –

деген нақыл да бекер айтылмаса керек. «Қызыңды Алладан қорқатынына бер: жақсы көрсе – қадірлейді, жақсы көрмесе – қорламайды» деген екен бұрынғы даналар. Бас екеу болу, ерлі-зайыпты өмір дегеніміз – байсалды, байыпты жол. Махаббатты, сенім мен төзімді арқау ететін көштің басы, ұстанымы осы болуға тиіс. Салт-санамызда отбасыны бекем етудің мыңнан астам амалы, жүздеген шешімі бар. Соның көбі – теңін тапқан жұптың қиыншылықты қалай жеңгендігі туралы, сын-қатерден қайыспай өткендігі жөнінде, бала-шағаны дүниеге әкеліп, өнеге көрсету жайында, қайырымды, мейірімді, сауапты істері, бейбіт күндегі ерліктер турасында. Қазір де жасандылықтан ада, өмірдегідей шынайы, иланымды, заманға сай мазмұнда, жігерлендіруге түрткі болатын (мотивация беретін) туындылар әзірлеп, оларды түрлі жанрда, сан қилы форматта (хронометражын мейлінше шектеп) әлеуметтік желіге дейін таратсақ, нұр үстіне нұр болмақ.

Екінші байлам – бірінші болып кешірім сұрауды дағдыландыру. Сәби шақтан, мектептен, студент күнінен. Бұл адамның әлсіздігін білдірмейді. Кешірімді кісі ғана ірі тұлғаға айналады. Жүрегі кең, өресі биік, мейірімді адамдардың шаңырағы ешқашан шайқалмайды. Жалпы, дінімізде де үйлену, отбасын құру және халық санын көбейту турасында жақсы айтылатынын білеміз. Олай болса, өзгенің қаңсығын таңсық етпей-ақ, тәуелсіз еліміздің іргетасын бекемдейтін бірегей құндылықтарды мың жылдық дәстүріміздің табайық. Әлем игілігін жөнімен, жүйесімен игерейік. Ұл-қызымызды, некелі жас отбасыларды, тағдырдан ащы сабақ алған азаматтарды жақсы жолға салудың үлгісі елдік салт-дәстүрімізде, рухани мұрамызда тұнып тұр. Біз мұны қаншалықты меңгердік, қалай өмірде пайдаланып жүрміз – қазіргі санадағы, отбасыдағы ала-құлалық, елдіктен безу мен тұнықты лайлау соның көрсеткіші. Бұған қол сілтеу немесе «өзі реттеледі» деп бейтарап қарау қоғамдық жауапкершілікті, азаматтық парызды құнсыздандырады.

Дархан МЫҢБАЙ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТЫМЫЗ ҚАЛАЙ АРТАДЫ?

Астана Қазтұтынуодағы жоғары колледжінде «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында Байқоңыр аудандық полиция басқармасының өкілдерімен кездесу өтті. Жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру және құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған іс-шарада кез келген тәртіп бұзу жазасыз қалмайтыны түсіндірілді.



Райхан РАХМЕТОВА

Колледж өкілдері бұл іс-шараның білім беру саласындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарлама шеңберінде де маңызы зор екенін алға тартты. Осы ретте аталған оқу орнында «Заң және тәртіп» апталығы өтуде. Кездесуде Байқоңыр аудандық ювеналды полициясының учаскелік инспекторы, полиция майоры Гүлмира Қалиақпарова жасөспірімдер арасында кездесетін қылмыс түрлеріне қатысты ақпарат берді.

– Күн сайын бізге түрлі құқықбұзушылықтар жасаған жасөспірімдер түнгі уақытта жеткізіледі. Сіздерге түнгі 23.00-ден кейін ата-ана немесе ересек адамсыз сыртта жүруге болмайтынын білесіздер. Тәулік бойына біздің учаске инспекторлары, ювеналды полиция қызметкерлері, патрульдік полиция осы мезгілде жасалатын қылмыстардың алдын алу үшін патрульге шығады. Себебі қылмыстардың 90 пайызы түнде болады. Оның үстіне колледждегі студенттердің жартысының ата-анасы қала сыртында, өзге өңірлерде тұрады. Ондай жастар бір сенімді өкіліне сенімхат жаздыртып алуы тиіс. Түнде жалғыз жүрген жасөспірім бірінші рет ұсталғанда тек ескерту беріледі, екінші рет ұсталса айыппұл салынады, – деді ол.

Құқыққорғау саласы өкілінің айтуынша, жасөспірімдер арасында супермаркеттерге кіріп, керек затын қалтасына салып, ақшасын төлемей шығып кете беретіндер көп. Олар өз әрекетін ешкім байқамады дегенмен, бәрі камераға түсіп қалады.

– Қазір барлық жерде камера бар. Сондықтан бірдеңе жасамас бұрын алдын ала ойланып алыңыз. Құқықбұзушылық әрекетке барудың қажеті жоқ. Бәрібір назарға ілігесіз. 1 құты горилла сусынын тығып алып шыққаныңыз үшін қылмыстық іс қозғалуы мүмкін. Сол үшін ата-анасы баласына дұрыс тәрбие бере алмағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылып, айыппұл арқалайды. Қылмыстық жауапкершілікке тарту 14 жастан басталады, ал әкімшілік жауапкершілікке бала 16 жастан бастап тартылады. Студенттер арасында 434-бап бойынша ұсақ құқықбұзушылық фактілері жиі болады. Атап айтқанда, боғауыз айту, темекі тұқылын, қоқыстарды кез келген жерге тастау, босаған бөтелкені лақтыру бойынша көп тіркеледі. Бұл үшін 20 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Мұндай ақшаны төлеу ата-анаға оңай тимейді, – деді Г.Қалиақпарова.

Сонымен қатар құқық қорғау саласы өкілі олар көп жұмыс істейтін 127-бап бойынша қандай міндеттер мен оны орындамағанда не жаза күтетінін түсіндірді. Бұл – бала тәрбиелеу бойынша ата-ананың міндеттерін дұрыс атқармауынан туындайтын жаза. Бала колледж жарғысына, ішкі тәртібіне бағынбаса, қайта-қайта ескерту алса, кешігіп келе берсе, сыртқы киіміне, түріне қарамаса, буллинг жасаса, осындай тәртіпсіздіктің бәрі аталған бапта қарастырылып, ата-анасы жауапқа тартылады. Әсіресе, буллинг бойынша мәселе қатты қаралады, біреуге әлімжеттік көрсеткені бірнеше рет дәлелденген бала бірден тіркеуге алынады. Ол бала полиция және колледж басшылығы тарапынан қатаң бақылауда болады.

Жиында колледж маңындағы учаскелік инспектор Жеңіс Айтбаев студенттердің оқу орнына жақын орналасқан дүкендерден заттар алып, үйлер алдындағы орындықтарға отырғанда айналаны қоқыспен бүлдірмей жүруін, себебі сол үйлер тұрғындарынан шағым жиі түсетінін жеткізді. Іс-шара барысында қазіргі таңда құқықбұзушылықты жасырудың мүмкін емес екенін және дропперлік қылмысқа аяқ асты түсіп кету қаупін көрсететін арнайы бейне роликтер жастардың назарына ұсынылды.

ҚАЛАМ МЕН ЖҮРЕК ҮНДЕСТІГІ

Шапағат ӘБДІР

Байқоңыр ауданының Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында ғалым, жазушы, журналист Маржан Пірімбетованың 70 жылдық мерейтойына арналған «Ұстанымы берік ұлағатты ұстаз» атты әдеби-танымдық мерекелік кеш өтті.

Іс-шара галереялық көрмемен басталып, кейін экраннан автор туралы бейнеролик көрсетілді. Әжелерден құралған топ «Ел қызы Маржан» әнін орындап кештің көркін асырды. Концерттік қойылымдардан кейін, оның кітаптарынан әсерлі үзінділер оқылды.

Ал кеш қонақтары Маржан Пірімбетованың қазақ руханиятына қосқан үлесін айтып, ол қалам мен жүректің үндестігін таба білген, ізгілікті өмірінің басты ұстанымына айналдырған жан екеніне тоқталды.


Расында «Көңіл терезесі», «Айтпайын десем», «Қазақ әйелдері әлем жанарында», «Мәуелі бақ», «Ізгілік философиясы», «Махаббат пен мейірім», «Ұзақ өмір сүрудің формуласы» сияқты еңбектері арқылы ол оқырманын адамгершілікке, ізгілікке, рухани тазаруға шақырады.



– Мен еліміздің тұңғыш астанасы болған Ақмешіт – Қызылорда өңірінде дүниеге келдім. Әкем зергер, анам ісмер – екеуі де өнерге жақын, ел сыйлаған жандар еді. Ал нағашы жағыма келсек, жыраулық пен ақындық дәстүрдің тамыры тереңге кеткен әулеттенмін. Бала күнімнен оқуға, ізденуге құштар болдым. Өмірімді сүйікті мамандығыма – педагогика мен ғылымға арнадым. Ғылыми еңбектерім мен әдістемелік мақалаларым республикалық басылымдарда жарияланып келеді. Мен үшін ұстаздық – мамандық қана емес, өмірлік ұстаным. Ал өзім ұзақ жылдар жинаған 3500-ге жуық кітабымды Белсенді ұзақ өмір сүру орталығына сыйға тарттым. Бұл – жас ұрпақтың рухани дамуына қосқан үлесім деп білемін, – деп ағынан ақтарылды Маржан Бектұрсынқызы.

Ал кеш соңында автордың «Табиғат, тұлға, тарих» атты жаңа кітабының тұсаукесері өтіп, көпшілік тағы бір тың туындының өмірге келгеніне куә болды.

№127-128 (4872) 30/10/2025 Бейсенбі



КІРМЕ СӨЗДЕР НЕГЕ КӨБЕЙДІ?

«Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол ақынның білімсіз бейшарасы» деген Абай сөзіне қалай деп жауап берсек екен? Мөңке бидің «Ақырзаман боларда сөздің киесі кетіп, самалы қалады» дегені бар ғой. Сол заман келді. Кешегі Алаш арыстарының «Оян, қазақ!» деп ұрандағанда көшеге шығып айғайлап, ұрандат деген жоқ, қаныңдағы тілің мен діліңді оят деді.

Кез келген ұлттың тілі – дүниеге өзімен бірге келетін, қанында жазылған қасиетті коды. Біздің қанымыздағы ұлт тілінің коды қалың ұйқыда. Ана тілінде сөз айтса ұқпайтын ұрпақ, ана тілінде сөйлемеген соң, ата-анасын сыйлай білмейді. Оған Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы ешуақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады» дегені айқын айғақ. Қандағы ұлттық кодты ояту үшін ұлт тілін, ділін дамытуға айрықша назар аударылуы қажет. Абайдың:

«Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған»

деген құдіретті сөз өнері ғана тамыр-тамырды қуалап, бойыңды дір еткізетін қасиетке ие. Яғни біздің қанымызда ұлт тіліндегі әр сөз сақталған. Кейбір сөздерді естігенде бойыңды құмырсқа жүріп өткендей күй кешіп, көзімізге жас келетіні – осы құдірет.

Сөз экологиясы, тіл экологиясы – айтпай келетін дерт. Аузы бардың барлығы «шешен», ақшасы бардың барлығы «көсем» заманда «мемлекет тілінде сөйле, қазақша жауап бер» деп құр босқа ұрандағаннан пайда жоқ. «Көсемсіп», «шешенсіп» жүргенде ана тіліміз тек қатынас құралы, терминология тіліне айналып бара жатыр. Ұлт ретінде жеке отау тігіп, бөркімізді аспанға атып жүргенде, ана тілімізде қанша сөздің орнына «бөтен сөз» қонжиып алғанын білесіздер ме?

Ұлттың тілі – менімен бірге жаралған менің жанымның тілі. Түпсанам тіліме тікелей байланысты. Ал жанымның, арым мен намысымның тазалығы тіліме байланысты. Тілім кедейленсе, жаным бірге кедейленеді. Әр сөздің киесі бар. Күн сайын ана тіліме жаңа терминология кірген сайын жан түбінде жатқан тіл-арыстаным ақырғанның орнына марғау тартып, мысыққа айналып мияулайтын сияқты... Әлсіреп бара жатқан жан-иманыма қуат деп мешітке барсам, ондағылар «Аллаһым», «сахаба», «машалла», «уәжіп», «мәхрүк», «харам», «уағыз», «мүфтият», «жаһаннам», «мәшһар», т. б. деп араби тілімен «уағыз» айтады. Қазақ тіліндегі арабизмдер – қазақ тіліне тікелей араб тілінен немесе парсы, түрік тілдерінің әсер етуімен еніп, қазақ сөз қорының бөлігіне айналған 3000-ға жуық арабизм бүгінде қазақ тілінде кеңінен қолданылады екен. Ең алдымен, араб сөздерінің қазақ тіліне кіруінің басталуы қазақтар арасындағы ислам дінінің таралуымен байланысты.

Қазақ тіліндегі диалектикалық тіл ерекшеліктеріне мән беріп, тілдік өзгешеліктердің өзіндік себептері болатынын және ондай кірме сөздердің ана тілімізді байытуға зор үлес қосатыны жөнінде алғаш рет аңғарып, мақала жазған жазушы Жүсіпбек Аймауытов болды. Мақала 1926 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде «Тіл туралы» деген тақырыпта жарияланған. Автор қандай тіл болсын таза тілдің болмайтынын, оның басқа тілдермен қарым-қатынас жасау нәтижесінде көптеген сөздің күнделікті қолданысқа еніп, сіңіп кететінін және қазақ тілі де осындай сөздермен толығып отырғаны туралы айтады. Мәселен, Түркияда ана тілі ретінде сөйлейтіндердің саны – 60-67 миллион шамасында, бұл бүкіл халық санының 90-93 пайызына тең, ал дүние жүзі бойынша түрік тілі 65-73 миллион адамның ана тілі екен. Түрік тілін ана тілі немесе екінші тіл ретінде Түркияның барлық дерлік азаматы сөйлей алады. Алайда Түркиядағы азшылық этникалық топтардың өзі де түрік тілін ана тіліне тең деңгейде біледі.

Шеттілдік терминдердің кез келген тілге енуіне, ең алдымен, қазіргі кезде ғылым мен техниканың дамуы себеп болып отырғаны белгілі. Кез келген тілде сөз алмасу, әдеби тілде болсын, терминологиялық жүйеде болсын, заңды құбылыс. Мәселе сөз қабылдауда емес, олардың тілімізге қалай қабылдануында болып отыр. Тілімізге кірме сөздерді қабылдау мен қолдану, оларды орфографиялық жүйеге сәйкес жазу мәселесі ғасырлар бойы күн тәртібінен түскен емес. Бұл турасында Ахмет Байтұрсынов: «Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңымен үйлестіріп алғанда солай алуға біздің де қақымыз бар» деді. Ал Халел Досмұхамедұлы: «Тілге кірген жат сөздер сіңу үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге келуі керек. Бүйтпесе, жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян береді» деп сырттан келген сөздерді икемдеп қолдануды ескереді.

Кейін жат сөздерді қабылдаудың жаңа тәртібін белгілеп, кірме сөздерді өзгеріссіз қабылдауға көштік. Орыс тілінен бөлек, ағылшын сөздерін де қанымызға сіңіп келе жатқан әдетпен өзгертпей алуға құмарта бастадық. Осылайша, өз тізгінімізге ие бола алмағанның салдарынан ұлт тілі үлкен өзгеріске ұшырады. Әрине, шет тілдерінен сөз қабылдауға ешкім қарсы емес. Бұл – тілдер арасында болатын табиғи құбылыс. Бірақ өзге тілдің сөздерін өз тіліңді бұзбайтындай етіп икемдеп, қорыта алатындай мөлшерде ала білу маңызды. Олай ете алмаған тілдер өз заңдылықтарын күйретіп, өзге тілдің үстемдігіне жол береді. Поляк ғалымы, түркітанушы Генрик Янковский «Барлық тілдерде де кірме сөздер бар, ал қазақ тілінде мөлшерсіз» депті. Абайдың:

«Айтшы-айтшылап» жалынар,
Ұққыш жансып шабынар.
Ұқпай жатып жалығар,
Ұйқылы-ояу бойкүйез, –

дегендей, ұлттың тілі тамырда дамымай, қанмен бірге тұла бойды қуалай алмай, бойкүйез тартып тұрған шақта тіл тағдыры алдымен зиялы қауымды, телерадио, ақпарат құралдарының тіл тазалығы алаңдатуы керек. Телеарналардағы ел алдында сөйлейтін тілшілер мен журналистер мал шаруашылығын «фазенда» дейтін болыпты. Сонда «күзек», «қыстау», «жайлау» сөздерін айтпасақ, көркем әдебиетті кім оқиды? Қазақтың бай тілін қор қылмай, бір сөздің бірнеше баламасын таңдап ұсынатын мүмкіндік бар. «Қазақ үні», «Қазақ руханияты», «Тілдер басқармасы» осы мәселемен айналысып, әр сөздің қазақша баламасын өз уақытында ұсынса, сөздік қорымыз бұлай кедейленбес еді. Сырттан қосылған өзге тілдердің ықпалы ана тілімізге кері ықпалын тигізгені соншалық, «н» мен «ң»-ды айыра алмайтын «шешендер» көбейді. Ана тілімізді тікелей аударма тіл ретінде пайдаланып жүрміз. Оған емханада, спорт орталығында «арқаңмен жат», «ішіңмен жат» дейтіндер куә. Қазақша «шалқаңнан», «етпетіңнен» дегенді ендігілер білмейтін де шығар?! Қазіргілер бұғана, қарақұс, сырғалық, таңдай, маңдай, көкірек, білек, қар, шынтақ, тірсек, тобық, толарсақ, т. б. дене мүшелерінің атауын мүлде естімейді. Кез келген сауда орталықтарының есіктерінде «итер», «тарт» дегеннің орнына тікелей аудармамен жазылып тұратынын айтпаса да білесіздер. «Автобусқа отыру» мен «атқа міну», яғни «міну» мен «отырудың» айырмасын түсінбейтін деңгейге жетіппіз.

Кейінгі жылдары тілімізге енген батыс сөздерін мысал етіп алайын: мотивация, коррупция, офис, кризис, волонтер, спикер, продюсер, рейтинг, вакансия, менеджер, брифинг, мораторий, критерий, ресепшн, модератор, онлайн, офлайн, праймериз, пандемия, лидер, петиция, пароль, логин, бутик, бизнес, кредит, ипотека, фазенда, ипотека, кредит, патент, прикол, антисептик, давай, ок, хайп, фейк, лохотрон, креатив, шопинг, бренд, тренд, фуршет, мониторинг, фитнес, катаклизма, т. б. Сонда 30 жылда тіліміз дамыды ма, кеміді ме? Қысқасы, жаһанданамыз деп жүргенде қазақ тілі көне тілге айналып кетпесін!

Алмахан МҰХАМЕТҚАЛИҚЫЗЫ,
Астана қаласы

ӘУЕЗДІ ӘНГЕ АЙНАЛҒАН ТУЫНДЫЛАР

«Көк жүзінде барады қаздар қайтып, Күндер солай өтеді шалқып, шалқып...». Бұл – тамаша ақын Тұманбай Молдағалиев пен көрнекті композитор Теміржан Базарбаевтың елге кең тараған «Қаздар қайтқанда» туындысы. Биыл осы ән авторларының туғанына 90 жыл толып отыр. Сейсенбі күні Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония ақынның мерейтойын ескеріп, «Өлеңімде өмір бар өзің жайлы» атты концерт өткізді.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ



Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Тұманбай Молдағалиевтің талай жыры әнге айналып, халықтың аузында жүр. Әдебиет пен өнер тоғысқан бұл кеште ақынның жүрекке жақын сыршыл лирикалық өлеңдеріне жазылған әндер шырқалды. Соның ішінде қазақ музыка өнерінің майталмандары Нұрғиса Тілендиев, Шәмші Қалдаяқов, Әсет Бейсеуов, Сейдолла Бәйтереков сынды аса көрнекті композиторлардың, сондай-ақ жас буын сазгерлердің туындылары ұсынылды.

Концерт шымылдығы Н.Тілендиевтің «Ата толғауы» шығармасымен ашылып, сахна төрінде қазақ оркестрі мен «Шалқыма» халық би ансамблі өнер көрсетті. Кешке елге белгілі әншілер – Қазақстанның халық әртісі Майра Ілиясова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Светлана Айтбаева және Арайлым Рахымқызы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегерлері Алтыншаш Мұқатаева мен Фарида Жолдасова, халықаралық байқаулардың лауреаттары Нұрқанат Тапиев, Айдын Жұмабаев, Диана Май, Ақбота Құснадин, Әкімхан Маженов және басқа да өнерпаздар қатысты. Концерт бағдарламасында «Әнім сен едің», «Куә бол», «Қаздар қайтып барады», «Қайран менің жүрегім», «Аяулым», «Екі жұлдыз», «Жан ана», «Алматы түні», «Шақырады көктем» секілді халық жүрегіне жол тапқан сүйікті әндер жаңаша өңдеуде шырқалды. Домбыраның сүйемелдеуімен орындалған «Сарыарқа», «Сағындым ғой» сияқты әсерлі шығармалар да көрерменге жаңаша сипатта жол тартты. Хореографиялық қойылымдар да кештің ажарын ашып, салтанатын көтеріп, әрлендіре түсті. Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Зауырбек Райбаев қойған «Шалқыма» ансамблінің би нөмірлері ақын жырының қуатын сезіндіріп, көрерменді баурап алып кетті.

Бұл концерт көрермен қауымға поэзия мен саздың жарасымды үндестігін сыйлап, Тұманбай Молдағалиевтің шығармашылық мұрасын ел жадында қайта жаңғыртты. Ақын жырлаған махаббат пен туған елге деген сағыныш, ананы ардақтау, Отанға сүйіспеншілік сынды тақырыптарды өнерпаздар теңіздей тербеп, тереңнен толғап жеткізді.

Замандастары «Ұстаздардың ұстазы» деп баға берген, оңтүстік өңірі жақсы білетін қадірменді қария, ұлағатты ұстаз Құтым Ордабаев ақсақал туралы естелік айтпас бұрын мына бір жағдаятқа назар аударғым келеді.



ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

> Шәкірттерінің бірі – қалың қазақтың ардағы Өзбекәлі Жәнібеков. Басқасын айтпағанда, ән падишасы Шәмші Қалдаяқов, ақын Мұхтар Шаханов, қоғам қайраткері Қуаныш Айтаханов – тұтас Қазақстанның мақтанышы

«Отырар – қазақ өркениетінің алтын діңгегі». Дүниеге әлемге мәшһүр Әбу Насыр әл-Фарабидей ұлы ғалымдарды әкелген Отырар өзінің үлкен тарихында небір шапқыншылықты көрді. Сондай қиын кездері табан тірері қасындағы Шілік шаһары деген тарих кеңінен айтылады. Шыңғыс хан шапқыншылығынан соң Отырар халқының дені Шілікке көшкен деген деректер тарихшылар аузынан аз айтылып жүрген жоқ. Сондықтан байырғы жұрт осы екі аймақты кіндігі байланған, егіз қозыдай болып, бірге өркендеген деп біледі. Бұған қосымша айтарымыз, тарихшы, өлкетанушы Абдулла Жұмашевтің деректеріне сәйкес, патшалық Ресейдің кезінде осы өңір Шілік болыстығына біріктірілген. 1921 жылы Шілік болыстығының негізінде Шілік ауылдық кеңесі құрылған. Ал алғашқы төрағасы Құтым ағамыздың әкесі Ордабай Бәймішов болған.

Мақаламызға өзек болып отырған Құтым ақсақал – Отырар ауданы Майлытоғай ауылының тумасы. Осы өңірге атағы жайылған текті әулеттің тұяғы. Отырар ауданының тарихына бойласақ, оны алғаш ұйымдастырушылардың қатарында Құтым ағамыздың әкесі Ордабай Бәймішов болғанын көнекөз тарих тәспірлеп береді. 1930 жылдары «Шәуілдір сиезі» деп аталған үлкен жиын болады. Халық отырықшылыққа көшеді. Ұсақ колхоздар біріктіріледі. Арыс өзенін бөгеп, Шәуілдір каналы қазылады. Осы үлкен шаруаның басында ел азаматы Дүйсенбай Алтынбековтей көшелі кісілер болады. 1931 жылы ауданда 5 колхоз құрылады. Бұл бес колхоздың алғашқы төрағалары болып «Отырар» колхозына Ордабай Бәймішов, «Абат» колхозына Тұрғанбай Бозшабаев, «Кеңес» колхозына Әлі Толыбаев, «Жаңарық» колхозына Арқабай Құрманбеков, «Қызыл Түркістан» колхозына Жарас Рүстемов сайланады.

Халқының болашағы үшін атқа мініп, 27 жасында Отырар ауылдық кеңесінің төрағасы болған Ордабай Бәймішұлы жай ғана басшы емес, кеудесі алтын сандық көшелі кісілердің бірі болыпты.

Берекелі шаңыраққа әр жылдары Өзбекстан басшысы Юлдаш Ахунбабаев, орыстың атақты жазушысы Леонид Соболев, ақиық ақын Ілияс Жансүгіров, беріде Асқар Тоқмағамбетов сынды тұлғалардың қона жатып, үй иесімен пікірлескені Ордабай атамыздың қатардағы көптің бірі емес, үлкен парасат иесі екенін аңғартса керек.

Ордалы жиындардың ортасында күндей жайнап жүретін Ордабай ақсақалды жұрт «уызынан жарыған» дейді екен. Әкесі Бәйміш – ел сыйлаған азамат. Ал атасы Едіге – жүз жасаған адам. Аса турашыл, әділетті, әлсізге болысатын Едіге ақсақал осы Құтым ағамыз дүние есігін ашар тұста түс көріпті. Құтым аға бұл жағдайды былайша баяндайды:

«Бір күні Едіге бабамыз түс көріпті. Түсінде менің әкем Ордабайдың үйінде алты қанат ақ үйінің ортасында бір тұғырда отырған қаршығаны көреді. Сол тұғырдағы қаршығаның аяқ бауы өте ұзын, ұшы алты қанат ақ үйді түгел айналып шыға алатындай болған екен. Бабамыз осы түсті көрген кезінде менің шешем маған жүкті екен. Ертеңіне Едіге бабам әкем мен шешемді шақырып алып:

– Шырақтарым, мен түс көрдім. Түсімде үйлеріңде ұзын аяқ бауы бар қаршыға отыр. Сен, шырағым, жақында ұл табасың. Ол ұлыңды жөргегімен маған алып келесің. Өзім атын қойып, белгілеп беремін, – деп алдын ала ескерткен екен.

Мен дүниеге келген соң, Едіге бабам айтқандай, мені жөргегіме орап, оның алдына алып барған екен. Сосын бабамыз жөргекте жатқан мені алдына алып отырып маған бата беріпті. Сөйтіп менің атымды қойып, аузыма түкірген екен.

– Шырағым, мынау балалардың аты Құттыболсын болады. Үйге құт әкелетін, елге береке-бірлік әкелетін бала болсын! Сондықтан оның атын Құттыболсын қояйын. Құдай қаласа, бұл бала елге құт болады. Рахатын, қызығын ел көреді, өздерің көресіңдер, туған-туысқандарың көреді. Бұл баланың мен сияқты өмір жасы ұзақ болады. Жүзге келеді. Мен қазір 95-ке келіп отырмын. Мен жүзге келемін. Құдай қаласа, бұл шөбереме менің жасымды береді. Осыны ұмытпаңдар! – деп атымды Құттыболсын қойып, әке-шешеме батасын берген екен. Сонда әке-шешем қуанып, шілдехана тойын өткізіп, елге дәм-тұз беріп, елдің батасын алған екен. Шілдехана тойында Едіге атам төрде отырып елге және маған батасын арнаған екен.

Өзі айтқандай, Едіге бабам жүзге келіп өмірден өткен. Майлытоғайда Ақболат дейтін мешіт болған. Атамды сол мешітке апарып жерлеген. Сонда әкем Ордабай мені аттың алдына отырғызып алып, қайтыс болған Едіге бабамыздың бұйдасын ұстатып, сол кісіні жерлеуге қатыстырған екен. Сөйтіп менің қолымнан топырақ салдырып, жерлеу рәсіміне қатысқан екенмін».

Бұған қосарымыз, Құттыболсын есімі, әрине, ел ыңғайына қарай дыбыстық өзгеріске ұшырап, айтуға жеңіл Құтым атауына айналған. Алайда екеуі де жақсы мағынаға ие.

Қалың тарихында талай құғын-сүргінді көрген, ақсүйек болып қырылған, тіпті жер бетінен құрып кете жаздаған нәубет 1937 жылы тағы да қайталанған. «Отырар» колхозын жөргегінен бастап көтерген Ордабай Бәймішов 1937 жылы біреулердің көрсетуімен «халық жауы» болып ұсталады. Елге еңбегі сіңген елеулі тұлға болғанмен, НКВД-ны сендіре алмайсың. Сүйікті әкеден айырылумен қатар осы жағдай қатарынан озық Құтым ағаға да оңай тимейді. «Халық жауының баласы». Комсомолға алмайды. Партия қатарына өтуіне де осы кедергі. Халыққа болсын деп күн-түн бел шешпей еңбек еткен Ордабай Бәймішов 1937 жылы 1 қарашада «үштіктің» үкімімен атылып кеткен екен. Қайран әке, кеш болса да ақталып, әділет салтанат құрды.

Құтым ағамыз ұзақ жыл ұстаз болды. Мектеп директоры болды. 1958 жылдың 18 сәуірінен бастап аудандық оқу бөлімінің меңгерушілігіне тағайындалды. 1987 жылға дейін осы қызметті абыроймен атқарды. Зейнетке шыққанға дейін. Кейін аудандық ардагерлер кеңесінің төрағалығына сайланды. Бұл жұмысты 24 жыл атқарды.

Құтым ағамен бізді көп дүние байланыстырады. Ол кісі әкем Сейітжан Құртаевпен жақсы сыйлас, жақсы інісі болды. Әкеміз 1938 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетін (САГУ) бітірген, бар ғұмырын ұстаздыққа арнаған адам. Аралары оншақты жыл болғанмен, мұраттас қос қария аға, іні болып жақсы сыйласқанын көріп өстік.

> Шәуілдірдің өркендеуіне айтулы үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткері Асанбай Асқаровты жазықсыз жаладан құтқаруға Құтым ағамыз көп еңбек сіңірді. Бірнеше азаматты ұйымдастырып, үкіметке ашық хат жазды. Осылайша әділдік салтанат құруына еңбек сіңірді

Мен 2005-2009 жылдар аралығында Отырар ауданында әкім болғанымда жолымыз тағы қиылысты. Ол кезде Құтым аға аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы болатын. Ел басқару оңай емес. Экономикадан бөлек, әлеуметтік қиындықтар аз емес еді. Осындай кездерде Құтекеңмен ақылдасып, бірігіп іс қылар едік. 2006 жылы халықпен кездесуде Қалекең Әшірбаев деген ақсақалымыз: «Қарағым, Әлімжан. Ел ішіндегі шаруа кезегімен біте береді. Сағаң елдің атынан аманат. Осы Отырардан шығып, әлемге мәшһүр болған Әбу Насыр әл-Фарабидің басына барып, тәу етіп, қабірінен бір уыс топырақты елге жеткіз» деген болатын. Осы аманатты жүзеге асыруда Құтым аға маған ұйымдастыру мәселелері жағынан көп ақылкеңес беріп отырды.

Шәуілдірде Мырзахмет Темірбеков деген ел ағасы бар. Ардагерлер кеңесінің төрағасы болды. Сол ағамыз мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Оңдасыновтың күллі қазаққа әйгілі «қолым таза, жүзім таза, арым таза» деген сөзін Құтым ағамызға да арнап айтқанын естідік.

«30 жыл аудандық оқу бөлімін басқарған Құтым Ордабаев қаласа алтын астаумен ас ішетін жағдайға әбден мүмкіндігі болды. Бірақ «Құтым біреудің еңбегін жепті, пара алыпты» дегенді естіген жоқпыз. Абыроймен зейнетке шықты. Ардагерлер кеңесін 20 жылға жуық басқарды. Барлық ардагерді құрметтеді. Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің халін ұдайы біліп, мейлінше көмектесетін еді. Шәкірттерінің бірі – қалың қазақтың ардағы Өзбекәлі Жәнібеков. Басқасын айтпағанда, ән падишасы Шәмші Қалдаяқов, ақын Мұхтар Шаханов, қоғам қайраткері Қуаныш Айтаханов – тұтас Қазақстанның мақтанышы. Осы ел ағалары Шәуілдірге келгенде міндетті түрде Құтекеңнің босағасына келіп, сәлем беріп кететін еді. Зайыбы Қалтай апамыз екеуі ұстаздық етіп қана қоймай, өнегелі шаңырақ иесі болды. Балалары да әке-шеше үмітін ақтады» дейді.

Бұл – Құтым Ордабаевтай ел ағасына халықтың берген бағасы. 1986 жылғы желтоқсан көтерілісінен кейін қазақтың көптеген зиялысы қуғынға ұшырады. Олардың бірі мемлекет және қоғам қайраткері Асанбай Асқаров еді. Шәуілдірдің өркендеуіне айтулы үлес қосқан сол Асқаровты жазықсыз жаладан құтқаруға Құтым ағамыз көп еңбек сіңірді. Бірнеше азаматты ұйымдастырып, үкіметке ашық хат жазды. Осылайша әділдік салтанат құруына еңбек сіңірді. Әрине, мұндай мысалдарды жалғастыра беруге болар еді. Құтым Ордабаевтың өмірі – өскелең ұрпаққа үлкен өнеге.

Қазақта «ақ өлім» деген ұғым бар. Ерте ме, кеш пе жұмыр басты пенде Раббысына қайтатыны белгілі. Осындайда жасы келген кісілер «Е, Алла, жаныма қиындық көрсетпе, бала-шағамның ортасында өмірден өтейін» деп тілер екен. Ел сөзін ұстаған Едіге бабасы есімін «Құттыболсын» деп қойған Құтым ағамыз осы тілегіне жетті. Қария 7 қарашада дүние есігін ашқанын жоғарыда айттық. 90 жасқа толған торқалы тойына әулеттің бәрі жиналады. Бабасы осы немересі «үйге құт әкеледі, елге береке-бірлік әкеледі» деп ырымдаған Құтым ағамыз ұрпағы, немере, шөберелерінің алдында келесі күні келместің кемесіне отырып кеткен еді. Міне, одан бері де сынаптай сырғып 10 жыл өтіпті.

Құтым ағамыздың кеудесі алтын сандық қария, көшелі азамат болғанын айттық. Елжұртқа сыйлы болды. Сүйікті шәкірттерінің бірі – рух сардары Өзбекәлі Жәнібековті Алаш баласы ардақ тұтады. Қазақтың кем-кетігін түгендеп, ұлтқа қылаусыз жұмыс істеген, есіктегі басын төрге шығарған Өзбекәлі сынды ағаларымызды қалың қазақ алқалап төбесіне көтерсе, оған парасаттылықтың, адалдықтың, елге қызмет істеудің үлгісін көрсеткен Құтымдай ұстаздары болды.

Қазақтың ақиық ақыны Мағжан Жұмабаев «Алты Алаштың баласы бас қосса, төр – мұғалімдікі» дегенін халық мақұлдайды. Бұған ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек» дегенін қосыңыз. Замандастары «ұстаздардың ұстазы» деп баға берген Құтым Ордабаев ағамыз осы мақсатқа адал қызмет етті. Бәріміз айта беретін ұстаз бақыты деген осындай болатын шығар...

Әлімжан ҚҰРТАЕВ,
қоғам қайраткері,
Сенаторлар кеңесінің мүшесі

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ҚАУІП ПЕ, МҮМКІНДІК ПЕ?

Астанадағы №84 мектеп-лицейде «Жасанды интеллект дәуіріндегі педагог құзыреті мен этикасы» атты республикалық форум өтті. Шараға 300-ден астам педагог қатысып, жасанды интеллект заманындағы мұғалімнің құзыреті мен этикасы талқыланды.

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Барша ұстаздардың басын қосқан ауқымды форумда жасанды интеллектіні қолданудағы этикалық мәселелер, балалардың жас ерекшеліктерін ескеру, ЖИ технологияларын сабақ мазмұны мен бағалау жүйесіне енгізу тәсілдері қаралды.

Ең алдымен сөз алған №84 мектеп-лицей директоры Самал Нұғыманова қазіргі педагог тек цифрлық құралдарды меңгеріп қана қоймай, оқушыларға технологияларға жауапкершілікпен және саналы түрде қарауды үйретуі тиіс екенін атап өтті. Оның айтуынша, «Жасанды интеллект – қауіп емес, мүмкіндік. Балаларды ойлануға, талдауға және технологияны қоғам игілігі үшін қолдануға үйрету маңызды» дей келе, «Болашақ мектебі» моделін таныстырып, онда жасанды интеллект оқушыларға жеке бағытталған білім берудің құралы ретінде қолданылатынын атап өтті.

«Технологиялар білім беруге көмектесуі тиіс, бірақ оны алмастырмауы керек. Гуманитарлық құндылықтардың сақталуы маңызды. Жасанды интеллект – көмекші, алайда оқу үдерісінің өзегінде адам тұруы тиіс» дейді форумға қатысқан Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті Назипа Аюбаева.

Жалпы Keynote-сессиялар барысында қатысушылар білім беру саласында жасанды интеллектіні қолданудың өзекті тәжірибелерімен танысты.

ISSAI ұйымының атқарушы директоры Ербол Абсалямов қазақ тілін цифрлық ортада дамыту бағытындағы жобаларымен бөлісті. Ал Amansultan платформасының негізін қалаушы және EDCRUNCH конференциясының ұйымдастырушысы Нұрлан Қиясов білімге жасанды интеллектіні тиімді енгізудің әлемдік тәжірибелері туралы айтты.

Астана қаласы Әдістемелік орталығының директоры Сындар Дәуешова форумның Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес өткенін атап өтті. Тапсырма – жасанды интеллектіні оқу үдерісіне енгізу, балаларды үйрету және педагогтардың құзыреттілігін арттыру.

– Мектептерде жасанды интеллектіні енгізу тақырыбын талқылаудағы басты мақсат – мұғалімдердің көмекші құралы ретінде және білім сапасын әрі қарай тереңдету. Ең бастысы, ЖИ қолданған кезде этика мәселесін үйрету. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық ғылым академиясының әдістемелік нұсқаулығы шықты. Осы нұсқаулықпен танысып, этикалық жұмыстар жүргізілуде. Алдағы уақытта оқу бағдарламасына ЖИ меңгеру пәндері енгізіледі» дейді Сындар Дәуешова.

Пленарлық отырыстан кейін практикалық шеберлік-сыныптар мен EdTech көрмесі өтті. Онда мұғалімдер өздерінің инновациялық жобаларын ұсынды: оқыту кезінде чат-боттарды қолдану, Google for Education арқылы сабақтарды визуализациялау, химия бойынша виртуалды зертханалар құру, ЖИ арқылы сыни ойлауды дамыту әдістері.

Жас педагогтар мен тәжірибелі мұғалімдер қазақ, орыс, ағылшын тілдері, математика, физика және биология сабақтарына жасанды интеллектіні енгізу тәжірибесімен бөлісті. Семей, Қарағанды және Абай облыстарынан келген қатысушылар академиялық адалдық пен цифрлық сауаттылықты қалыптастырудың инновациялық тәсілдерін ұсынды. Сонымен қатар «ЖИ дәуіріндегі өмірге дайын болу үшін балаларға қандай дағдылар қажет?» атты пікірталас барысында XXI ғасыр оқушыларына қажетті дағдылар мен құзыреттер талқыланды. Ал EdTech-жобалар көрмесінде мектептерге арналған жаңа әзірлемелер ұсынылды, олар: Google for Education арқылы сабақ визуализациясы, деректерді талдау құралдары және AI-карталар.

№127-128 (4872) 30/10/2025 Бейсенбі

АҒАЛАР АЙТҚАН ӘҢГІМЕ

«Ақантай» десе, оны Қойшығара Салғараұлынан басқа көп адам біле бермеуі мүмкін. Ал «Ақселеу Сейдімбек» деп аты-жөнін толық атасақ, Ақселеуді білмейтін қазақ жоқ. ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қарымды журналист, көрнекті ғалым, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан танымал тұлға Ақселеу Сейдімбекті досы Қойшығара «Ақантай» деп атаған. Өмірде егіз қозыдай қатар жүрген қаламгерлердің бір-біріне деген ықыласының айрықша болғанын біз Қойшан (бұл кісіні жеңгемізден бастап бүкіл жақыны осылай атаған) ағаның әркездері үзік-үзік айтқан әрбір әңгімесінен де аңғарып жүрміз.

АҚАНТАЙДЫ АҢСАЙМЫН

Қалиақбар ҮСЕМХАНҰЛЫ



– Ақселеу екеуміз егіз қозыдай бірге жүрдік. Ол Жаңаарқада дүниеге келсе, мен Торғайда тудым. Алматыда табыстық. 1975 жылы сол кездегі «Социалистік Қазақстан» деп аталатын елдегі бас газетке жұмысқа орналастым. Менен бір жылдан кейін Ақселеу де осы басылымға келді. Таныстығымыз осылайша басталды. Алматыда бір үйде тұрдық. Содан жұбымыз жазылған жоқ. Әсіресе елордаға қоныс аударғаннан кейін Ақантай қайтыс болғанға дейін үнемі бірге жүрдік, – деп сөз бастады Қойшығара аға бір күні.

– Алматыда сырласып жүрген күндердің бірінде Ахаң: «Біз 300 жыл бодандықта болған жұртпыз. Сондықтан санасы мәңгүрттеніп бара жатқан халқымызға тағылым болатын тарихи-танымдық дүние қажет» деп терең бір тыныстап алды да, сөзін жалғады. Марқұмның сөзіне қиянат қылмай, сөзбе-сөз айтайын: «Қойшыеке, екеуміз Алматыға тамақ асырау үшін келген жоқпыз, жазушы боламыз деп келдік. Құдайға шүкір, 2-3 повесіміз шықты, жыл қорытындысында жақсы аталдық. Бірақ құдайшылдығыңды айтшы, екеуміздікі де ерекше керемет дүниелер емес қой, асса орташадан жоғарылау ортанқол дүниелер. Ал мақталуымыз – сол жылғы шыққан кітаптармен салыстырудың нәтижесі. Әдебиет – төрт құбыласы түгел елдің ұрпағын моральдық, эстетикалық тұрғыдан тәрбиелейтін құрал. 300 жыл бодандықта болып, санасы сансырап, құлдықта болған ел үшін танымдық дүниелер керек. Мен сені байқап жүрмін, ізденіп жүрсің, мен де материал жиып жүрмін. Мен тіпті «Түрік қағанаты» туралы жазбақ болған 3 томдық еңбегімді де тәрк етейін, екеуміз серттесейік. Бүгіннен бастап енді әдеби шығарма жазбайық, тек танымдық шығармалар ғана жазайық» деді. Келістім. Екеуміз қол алысып, төс қағыстырып серттестік. Содан кейін ол «Күңгір-күңгір күмбездерді» жазды, мен «Алтын тамырды» жаздым. Екеуі бір жылда жарық көрді. Ақселеу содан кейін өле-өлгенше бір новелла жазған жоқ.

Ақселеу менен бірер жас кіші болғанмен, екеуміз де кешегі соғыстың қасіретті жылдарын, бар қиындығын жүрегімізбен сезініп өскенбіз. Менің әкем де, оның әкесі де соғыста болды. Оның әкесі қайтпай қалды. Сталинград майданында оққа ұшыпты. Менің әкем елге жарымжан болып оралды. Бірақ өкпесінде снарядтың жарықшағы қалғандықтан, оны ота жасатып алып тастайтын жағдай бізде болмады. Соның салдарынан кейін қайтыс болды.

Ақселеу ұлтын сүйген азамат еді. Оның ұлтшылдығы сол этностың, сол халықтың бір перзенті болған табиғи жаратылысынан гөрі бүгінгі халқының жай-жапсарын жете білген тереңдігінен тамыр тартады. Оның кейінгі еңбектерінің тақырыбының бәрі «қазақтың» деген сөзден басталады. Нақтылық үшін айтсақ, мысалы, «Қазақтың ауыз әдебиеті», «Қазақтың ауызша тарихы», «Қазақтың қара өлеңі», «Қазақтың күй өнері», «Қазақтың шежіресіндегі уақыт табы», «Қазақтың ру-тайпалық құрылымы», «Қазақтың этнотопонимдері» тәріздес болып бір-бірін толықтыра жалғасып келіп, соңы «Қазақтың бейпіл сөздерімен» көмкеріледі. Сондағы мақсаты «қазақ халқының рухани қазынасының сыңар сабақ жібі де ескерусіз қалмауы тиіс. Керек не керек емесін ертең келген саналы, білімді ұрпақ өздері ашып алады» деген байлам болды.

Ақантай екеуміз өткен іс-шараларға, той-томалаққа да бірге баратынбыз. «Келе жатырмын, мен сені алып кетемін, дайын бол» деп қоңырау шалады. Ол келгенше сыртқа шығып күтіп тұрмай, бір минут кешігіп қалсаң, қатты кейіп тұрған кейіп танытып: «Yh, бүкіл өмірім сені күтумен өтті ғой» деп әзілдейтін. Сосын мен де Ақантайдың бір минутына да қиянат қылмайыншы деп ол келуден бұрын сыртқа шығып тұратын болдым, осы әдет қазір өмірлік ұстанымыма айналды. Кім шақырса да 5 минут бұрын сыртқа шығып, күтіп тұратын әдет қалыптасты. Ой, дүние-ай, қайсы бірін айтайын, ол менің өміріме еркін еніп, кез келген жағдайда да үлкен сүйенішім, ақылшым болып еді. Тіпті «ертең пәлен іс-шараға барамыз ғой, ұмытып кетпе» деп арнайы телефон шалып, есіме салудан да жалыққан емес.

Ақселеу бала күнінен ерке, тентек болыпты. «Жетім қозы тас бауыр, маңырар да отығар» дегендей, соғысқа кеткен әкесі оралмай қалған соң, өмір оны тез есейтті. Бағып-қаққан әкесінің ағасы да оны бетінен қақпай өсірген. Бір күні Ақантай сіріңкемен ойнап жүріп, өз үйін өртеп жіберген ғой. Сонда малшыларды аралап, сырттан келген әкесінің ағасы бір үйлі жан далада баспанасыз қалғанын көріп тұрса да, Ақселеуді жазғырып, ұрысу орнына бар болғаны әйелінен «балалар аман ба?» деп сұрағаннан басқа ештеңе айтпапты. Көрдің бе, қандай дегдар адам болған Ақантайдың әкесі Аманбек ақсақал?!

– Сол кісі дейді, – Ақантай өткен күнді еске алып, – дастарқан басында таңертеңгі шәйімізді ішіп отырғанбыз, сөйлеп тұрған радиодан диктор кенет дауысын өзгертіп: «Мәскеуден сөйлеп тұрмыз, аса маңызды хабарландыру» деп қоңыр дауыспен созып-созып үрей шақыра оқығанда, төрде отырған әкесі шайнаған нанын жұта алмай, қолындағы кесесін жерге қоя алмай мелшиіп отырып қалды. «Адамзат айға ұшты, Гагарин айға ұшты» деп хабарландырудың соңына шыққанда барып: «Тұу, иттің баласы-ай, осыны жай айтса болмас па?» деп қысылғанда, терлеп кеткен маңдайын сүртті, – дейді. «Соғыс қайта басталды ма?» деп қорқып кеткені ғой, өйткені немістер басып кірген кезде Мәскеу дәл осылай үндеу жасаған ғой, содан әбден жүрегі зәрезап боп қалған ақсақал тағы бір пәле басталып, Ақантайды соғысқа алып кете ме деп қорыққаны ғой.

«Ақселеу қалай өмір сүруден бұрын не үшін өмір сүру керек дегенді ерте түсінген азамат болатын. Содан да болар бүкіл мағыналы өмірін өзінің айқын, белгіленген мақсатымен жүзеге асыруға, қазағына жан-тәнімен қызмет етуге арнады. Ақселеу бүкіл болмысымен қазақшыл. Ақселеу – менің түсінігімде, кешегіні бүгінге жалғаушы, кешегінің көзі, бүгінгінің өзі. Ақселеудің басты екі қасиеті – шын мәніндегі қазақ ұғымындағы білікті азаматтығы. Білік деген – ананың сүтімен, атаның тәрбиесімен, өскен ортаның өнегесімен бойға даритын ілім. Осы ілім арқылы Ақселеу қазақы болмыстың, қазақы дәстүрдің, ұлттық құндылықтың не екенін бойына дарытқан. Ақселеу терең білімді азамат еді. Атадан дарыған білікті халықтан алған білімі арқылы бекемдеген ол бүкіл қазақтың Ақселеуіне айналды» дейді Қойшығара Салғараұлы.

– Ақселеу қой бастаған серке сияқты азамат еді. Өзі де отырған жерінде айдындалып, лидерлік деңгейде отырып сөз сөйлейтін. Айтқан бетінен қайтпайтын ондайда. Бірде бір басқосуда інілері қолпаштап, Ақантайға көбірек көтертіп жіберді. Қайтар кезде «біз апарып тастайық» десе де, Ақселеу көнбей: «Қойшыекеңді өзім жеткізіп тастаймын» деп рөлге өзі отырып алды. «Болмайды» десем көнбейді, содан не керек, мен де оның ырқына көніп, көлікке отырдым. Әлгі жерден шығып ұзай бергеніміз сол еді, бейне бізді аңдып тұрғандай, ГАИ қызметкері ала таяғын шошаңдатып, алдымыздан шыға келді. Жас жігіт екен, Ақантай түсірген терезеден «Құжаттарыңыз» деді де, Ақселеуді көріп: «Ассалаумағалейкум! Ойбай, аға, ішіп алып көлік жүргізгеніңіз не?!» деп көзі алақандай болды. Сонда Ақантай аспай-саспай: «Әй, бауырым, мас болмасақ саған тоқтаймыз ба?» деп еді, ана жігіт күліп жіберді. «Аға, қазір мен алдыңызда ақырын жүріп отырамын, артымнан ілесіңіз» деп баратын жерімізді сұрады. Содан бізді үйге дейін жеткізіп, Ақантайды сүйеп үйге кіргізіп: «Ал жақсы, дем алыңыз» деп кеткелі жатыр еді: «бауырым, Қойшыекеңді де үйіне жеткізіп таста» деп еді, «әрине» деп мені де үйге әкеліп салды. Бұл мақтанып айтатын іс емес, әрине. Бірақ әлгі жас жігіттің жасы үлкенге деген ілтипат-құрметі, бізді танып бәйек болғаны, заң бұзып тұрса да «Қазақтың Ақселеуі ғой!» деп кешіріммен қарап, жұмысын қайырып қойып, бізге көмектескенінің өзі азаматтық қой! Көлікке отырып бір жаққа кетіп бара жатсам, осы бір қызық оқиға үнемі есіме түседі...

СИДОРКИН СОЛАЙ САЛДЫ ДЕП...

Осы жазда Семейге саяхат жасап, Абайдың рухани әлеміне бойлап келгенбіз. Әсерімізді айтып жеткізерге сөз жоқ. Қарсы алғандардың ықыласына тәнті болдық. Екі күндік сапарда Абай жолымен жүріп өттік. Мұндағы самал жел де, биік таулар мен аласа шоқылар да, жазық жайлау да Абай деп ән салып, Абай жыры нұр болып құйылып тұрғандай. Алайда «Қонақ аз отырып, көп сынайды» демекші, әттеген-ай деген ойымызбен бөліспекпіз.

Айгүл УАЙС

Басынан бастасақ. Семейдегі Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы. Қалай мақтаса да тұрарлық, ақынның барлық мұрасы мен жәдігерінің алтын көмбесі 1940 жылы 16 қазанда Абайдың 95 жылдық мерейтойына орай ашылған. Мұндағы музей заттарының жалпы саны 22304 бірлікті құрайды. Оның ішінде негізгі қор – 12550 бірлік, ғылыми-қосалқы қор – 9754 бірлік. 11 дербес тақырыптық залдарға орналасқан. «Абай. Жыл мезгілдері», «Дала әуені», «Абайдың балалық шағы», «Ақынның қалыптасуы», «Абайдың шығармашылығы», «Абайдың ақындық мектебі», «Абайдың отбасы», «Қара сөздер», «Абай мұрасы», «Мультимедиалық зал», «Балалар бөлмесі» бөлімдерінде Абай өміріне байланысты архив материалдары, түрлі құжаттар, халқымыздың тұрмысы мен этнографиясын бейнелейтін заттар, қол-өнер мен бейнелеу өнерінің туындылары, фотосуреттер, сирек кездесетін кітаптар, т. б. орналасқан. Бұл – орасан зор байлық! Осындай киелі қазынаның табалдырығын аттағаннан-ақ жөн бастаушының сөзіне жармасып маңыраған қозының үні жағымсыз естілді. Рас, Абай – жылдың төрт мезгілін қатар жырлаған ақын, бірақ оның шығармашылығының шоқтығын тек осы өлеңдер құрамайды ғой. Оны неге алға шығарған деп қоя салдық. Кірген беттен Абайдың көпке танымал, құлаққа жағымды лирикалық әндерін неге қоймасқа?! Жетім қозының зарынан артық еді ғой.

Әлқисса. Әрі қарай беттедік. Бала Абайдың әжесінің тізесін жастанып, қарсы алдында ән салған жырауды тыңдап отырған сәтін балауыз мүсінмен бекітіпті. Көз алдымыздағы әдемі сурет. «Абай жолы» эпопеясынан оқыған таныс бейнелер. Мейірімді әженің ынтызар Абайға көңілі толса да, ақынның аспанға қарап тым шалқалап кеткені көзге оғаштау. Оны да түзетсе абзал болар еді.

Дөңгелек үстел басында отырғанда көзімізді жоғары көтергенде, есімі елімізге белгілі қылқалам шебері Евгений Сидоркиннің салған суретін көреміз. Осы суретке көбіміздің дауымыз бар. Қазақтың атақты суретшісінің жары болса да, қазақтың табиғатын, ананың келбетін білмейтін адамның сызбасы. Қалай десек те, Сидоркин қалай салды, Зере анамыз солай мыж-мыж күйінде қалып қойды. Әйтпесе қаһары Құнанбайды ықтырған Зере емес пе?! Заманында баса айтуға ешкімнің батылы жете қоймаған болар, бәлкім, сол кезеңнің сурет сызу үрдісі, қазақтың бейнесін бедерлеудің өзіндік ерекшеліктері болды ма, кім білсін, бірақ бүгінде мұнымен келісе алмаймыз.



Абайдың әжесі Зере (1785-1873 жж.) ұлы ақын дүниеге келгенде 60-тарда болған, 17-18 жасында десек, әрі кетсе 70-ке енді жеткен деуге болады. 88 жасағанға Құдай да күш бермей ме?! Одан қалды, дәл суреті болмаса да, халықтың анасы, ақынның әжесі деген образға басқа көзбен қарауға болатын еді. Ол ештеңе емес қой, сол суреттен шабыттанған автордың тағы бір мүсіні тіпті таңғалдырды. «Абай мен әжесі» деген мүсін де сол жерде тұр. Зере анамыздың түріне қарап шошитындай бар.

Жалпы қалада Абайға қатысты барлық ескерткішті аралап көрдік. Тасасында тұрып олай да, былай да суретке түстік. Елордадағы кейбір ескерткіштермен салыстырғанда оқ бойы озық тұрғандары бар. Тіпті ақынның екі ұлымен бірге тұрған ескерткіштен Абайдың өзін танығандай болдық. Осындай шебер қолдары бар бола тұра, Абайдың атақты әжесінің образын қалай аша алмаған?! Ойланатын мәселе...

Қазақта «не боларын білмей жүр» деген сөз бар. Қара басын тауға да, тасқа да соғып, ортасынан орнын ала алмай, өз бағытын таба алмай жүргендерді айтатын болар. Біздің әңгіме олар туралы емес. Әдемі қарттық туралы.



ҚАРТТЫҚҚА ҚОҒАМ ЖАЙЛЫ МА?

Айгүл УАЙС

Күні кеше келместің кемесіне мініп кеткен жасы үлкен ағаларымыз алдында өткен жақсылардан көп нәрсе алып қалды. Оның өнегесін көрсетіп қарттыққа қажымай, көбіне топырақты өлім бұйырды. Міне, осы көкелерімізді сағына еске аламыз. Қазіргінің өзім қатарлы, алдыңғысы алпыстан асып жетпіске жетіп қалғандардан солардың елесін де көре алмай қынжыламыз. Өмірдің базары тарқап келе жатқанын мойындамай, үлкендікті қабылдамай барынша жастықтың буына малданып жүре бергісі бар. Біздің қоғамда ондай қарттарды қайда қоярын білмейді. Жұмысқа жегіп саларға күші жоқ, бірақ тұғырынан тайып та тұрған жоқ. Қарттардың жаһанданған жаңа болмысын қабылдай алмай біздер де әлекпіз.

Қарттықтың өзіндік қалыптасқан «стереотиптік» бейнесі бар. Ол егде жастағы адамдардың өмірінің көптеген аспектілерін тікелей анықтайды. Сол арқылы қарттардың қоғамдағы орны мен ұстанымы және жалпы өмір сүру сапасы – осы стереотипті толықтырады. Оның қалыптасуында қоғамдық сана деңгейінде де анық мойындалып, бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс тауып, егделерімізге деген қарым-қатынасымыз әрқилы қалыптасуда. Қоғамның ағысына ілікпегендері бір төбе. Қырын қарасақ, оны құптайтын «асарын асады, жасарын жасады, енді не жетпейді?» дейтін сөз тағы бар. Баласынан таяқ жеп өлген ата-аналар – осы стереотиптің құрбандары.

Мұндайда шетелде не болып жатыр деп мойнымызды созамыз. Ол жақта да жағдай басқаша. АҚШ пен Канадада геронтофобиялық көзқарастар айыпталып, «адамдары бірегей жастағы қоғам» құруға ұмтылыс бар. Олардың өмір тәжірибесін, әулет алдындағы үлгі-өнегесін, жауапкершілігін жиып қойып, қарттықтың тізгінін бермей, жастармен теңестірмек. Оны сын «сәтті қартаю» деп атапты. Бәрін қара бояумен қарайтуға болмас, бұл үрдіс бойынша адамның ауруға берілмеуін қадағалап, психикалық және физикалық жағдайын жоғары деңгейде сақтау, қоғамдық өмірге белсенді араластыру, қолдан келгенше жұмыстан қол үздірмеу қарастырылады. Бір қарағанда қарақан құ бастың қамы, ешкімге салмақ болмай өз тірлігіңізді өзің жаса. Қазақша айтқанда, «пендеге пенде қылма» дегені. Бірақ бұл шешім бәріне бірдей қолайлы ма?!

Қауқарсыз қарттыққа дейін де жасы үлкендеріміздің өз жауапкершілігі өз міндеті, көретін құрметі мен төрде орны болуы керек. Біздің қоғам сол қарттарды төрден ептеп ығыстырып келе жатқандай.

Қазіргі Батыс мәдениеті қарттықты «елемеуге» тырысады. Тіпті бір-біріне таныстырғанда, «құрметті жастағы адам», «өте жақсы сақталған» деп қолтығына су бүркеді. АҚШ-та «қарт адамдар» сөзі мүлдем қолданылмайды, оның орнына «үшінші жас» деген атау қалыптасыпты. Әрине, зейнетақысы жүріс-тұрысына жетіп тұрса, жиған-тергені бар болса, біздің де зейнеткерлеріміз жас көрініп, қалағанын киіп, ішіп-жемінен қиналмай, тәуір көлік мініп, көп саяхаттап, қатарластарына арналған арнайы клубтарға барар еді. Бізде мұның бірі болмай тұрып, қарияларды емексітіп, жөнсіз жасартқымыз келеді. Содан келіп олардың жастармен жағаласқанына куә болып жүрміз. Әжелеріміз «ақылман» коучтарымызды тыңдап, немере бағудан бас тартып, келін-балаға жексұрын бола бастады.

Бұл жерде зейнеткердің кінәсы жоқ. Кінәлі келін – балаға таңылған, қартқа қатал қоғамда қалыптасқан көзқарас. Олай дейтініміз, зейнеткерлердің жеке сұранысы, жай-күйі, өз қажеттілігі болмайды, тек немере бағумен айналысуы керек деген ұстаным бар. Рас, бұрындары немерені «өлгенше» бағатын. Ол да үлкендік, жетілгеннің белгісі, жақсылықтың нышаны еді.

Бірақ бүгін көп нәрсе өзгеріп жатыр. Сөзіміздің алдындағы басын тауға да, тасқа да ұрып жүрген дейтініміз сондықтан. Емханада жұмыс бастырмен бірге сығылысқан зейнеткерлер, қоғамдық көліктерде сығылысқан қарттар, жасына қарай үйлесімді киім кимей көзге ұратындар да солар. Тойға барса шыршаның ойыншықтарындай арзанқол жалтыраққа малынып жүргендер де солар. Қарттардың өмірінің мәні де жоқ, сәні де, мәні де аз. Той-томалақта қисаландатып билетіп қойдық, тек жиын-тойда сол кейіпте көргіміз келеді. Белсеніп шықса, жақтырмаймыз. Өйткені оған лайық, қарым-қатынас жасайтын белгілі бір стандарт немесе қолайлы орта жоқ. Оны қабылдайтын жас жоқ. Өздері де айтатыны аз, қазақы қалпын көбісі мойындай бермейді.

Мұны не үшін айтып отырмын. Бүгінде қарттарға қатысты мемлекетте де – отбасы институтында да қазақы бейнемізді, ұлттық болмысымыздан ажыратпайтын әлуметтік бағдарлама болған емес. Қазақы дәстүріміздегідей ақсақалдарымыздың ақыл мен парасаттың, кемелдіктің белгісіне айналмағаны да сондықтан.

Бір ғалым, қарттарды мінез-құлқына орай жіктеп беріпті: Бұлардың басында белсенді, креативті, толыққанды өмір сүретін, өзін өзгелерден төмен сезінбейтін кемел адамдар тұр екен. Екінші топтағыларға ортаға бейімделген, психологиялық жағынан орнықты, жігерлі адамдар жатады. Бірақ олардың мүдделері енді қоғамдық емес, жеке игіліктеріне ойысқан. Олар қалағанынша өмір сүріп, материалдық жағынан тәуелсіз болып, өз өмірін өзі реттеумен айналысады. Ешкімнің қамқорлығына мұқтаж емес. Үшіншілері отбасы, ошақ қасынан аса алмайды. Олардың бос уақыты жоқ. Жауапкершіліктері шаш-етектен. Аяғынан тұрмаған бала-шағасының қамымен қажиды. Өміріне қанағаттанбайтындар осылардың қатарынан. Ендігі бірі өздерін науқас сезінеді және өмір бақи ауруымен алысып жүреді. Денсаулығынан басқаны ойламайды. Бұл олардың барлық бос уақытын алады.

Бәрін айт та бірін айт демекші, сананы тұрмыс билеп, өзін-өзі дамытып, жақсылықтарға ұмтылмағандар қанағаты жоқ, сабырсыз, айналасындағыларға, тіпті бүкіл әлемге көңілі толмайтын, ешкім жақпайтын, бәрін сынап-мінеп, өшін өзгеден алатын ашулы жандарға айналатыны белгілі. Өз өмірлерінен түңілгендер өткенімен өмір сүріп, бүгінгі күннен тысқары қалады. Осыған байланысты жұғымы қалмайды. Қай топтың адамдары көп қаралы болса, қартыңның бүгінгі сипаты сондай болады.

Жасыратыны жоқ, әр адамға қарттық келгенімен, кәрілікке жететіндер некен-саяқ. Кәрілікке жеткізетін әдемі қартаю тек денсаулығына ғана емес, рухына, айналасына шашқан шуағымен өлшенеді. Қарттарымызға да, осыған дейін қатал қарап келген қоғамға да ойланатын кез келді.

МАМАННЫҢ ПІКІРІ



Астана қаласы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы Есіл ауданының психологы Гүлбадам КЕНЖЕНОВА:

ПСИХОЛОГТЫҢ КӨМЕГІ ҚАЖЕТ

– Қазіргі күнде зейнеткерлермен жұмыс істеймін. Көбіне байқайтыным, қарттық кезеңінде аадмдар тек физикалық емес, психикалық өзгерістерге ұшырап жатады. Осы жаста олар ішкі жанкүйзелісін бастан кешіреді. Ол –жалғыздық. Ұмытылып қалу, өзін керексіз сезіну тіпті, кейбірі өмірдің мәнін жоғалтып жатады. Көбіне жасында лауазымды қызмет атқарып, зейнетке шыққаннан кейін көп жағдайда өзін қоғамға керексіз деп санап, соған күйзеледі. Бұрынғы ортасын, айналасындағылардың көңілі, ықыласын іздейді.

Расында да зейнетке шыққан күннен бастап, өмір бойына үйреншікті болған әдеттері өзгереді. Таңертең ұйқысынан тұрып, таңғы асын ішіп, киініп жұмысқа бару қалады. Осы сәтте психологтың көмегі аса қажет. Психолог тек кеңесші ғана емес, жан тыныштығының себепшісі бола алады. Олардың өткенін, қызмет еткен жылдарын қабылдып бүгінгі сәтпен өмір сүруіне, ішкі тыныштықты табуына, күйзелісті жеңуіне отбасылық эмоционалдық тепе-теңдікті қалпына келтіруге, осы қалпымен өзін қоғамның маңызды мүшесі екенін сезінуіне мүмкіндік береді. Қарт кісілер бұлар тірі тарих өткен өміріндегі қателіктері, жетістіктері болсын ұрпаққа беретін бағыт-бағдары бола алады. Сондықтан да дәл осы кезеңде ақшаның не дәрі-дәрмектің аса қажеті жоқ. Көбіне жылылықпен қарау, мұқият тыңдау, естеліктерімен бөлісуді сұрау маңызды. Яғни қарт зейнеткерлердің жүрегін тыңдай білу аса маңызды. Қарттыққа құрмет – өз болашағыңа құрмет.

Қысқаша жұмыс барысын айта кетсем, бірінші рет кеңес алуға келгенде, зейнеткерден жақын арада, немесе алты айдың көлемінде жан күйзелтетін оқиға болады ма деп сұраймыз. Осы кезеңде қариялар бүкіл өміріне серік болған сыңарларын жоғалтып жатады. Қырық жыл бірге тұрған жолдасынан айрылып, жетімсіреп қалған кезде, ауыр жағдайды көтере алмай әрі табиғат заңын қабылдай алмай қиналады.

Көңіл дегеннің кілті аспандағы нәрсе ғой. Бар-жоқты талғамайды. Мысал үшін айта кетейін, көп жылдар қызмет етіп, қоғамға да еңбегі сіңіп, алаңсыз қарттығын да қамтамасыз етті дегеннің өзі де күйзеліске түсуі ықтимал.

Қарттардың көбі қазіргі зейнет жасындағы ахуалын қабылдамайды. Осыны байқағаннан кейін тренингке жинап, күйзелісті, депрессияны жеңудің жолдарын, адам бойында болатын түрлі қорқыныш пен қобалжуды басқаруды үйретеміз. Қарапайым тиімді әдістер арқылы жетістікке жетіп жатамыз. Соңғы жарты жылда осы орталықта қызметімді бастағалы бері, аудиториям үлкейді, бір тренингіме 35-40 адам жиналады. Жұмасына екі тренинг болса, бірі – психологиялық, екіншісі – нейродинамика, есте сақтау қабілетін, зейінді арттыратын жаттығулармен жұмыс жасаймыз. Тренингтің нәтижесін қатысушылардың бет-жүздерінен, көздерінде ұшқын пайда болып, өмірге деген құлшыныстарынан байқаймын. Осы кісілерге бір көмегім тиіп жатқанын түсініп мен де алғысты боламын.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?



Ләззат ӨТЕҒҰЛОВА, «Сабақтас» республикалық Күміс волонтер қозғалысы қоғамдық қоры жетекшісі:

АЛПЫСТАН КЕЙІНГІ ТІРШІЛІК...

– Зейнеткерлерге мемлекет барлық жақсылықтарды жасап отыр. Әсіресе Астана қаласында қоғамдық көліктерде тегін жүру, бұрын жылына бір рет болатын, қазір екі жылда бір рет шипажайларға жолдаманың белгілі бір пайыздарын ғана төлеп демала алады. Денсаулықтарын түзеп, оңалтуға мүмкіндіктері бар. Дене шынықтыру, ой өрістерін дамытуда барынша нәтижелі жұмыстар жүргізуде. Дегенмен, біздің қарттарымыздың қоғамның белсенді мүшесі ретінде көргіміз келсе, әлі де айтарлықтай көп жұмыс жасауымыз керек. Оларға жаңа технологияларды меңгеру қиынға түсіп тұр. Астаналық зейнеткерлердің қарапайым смартфондарын пайдалануы, ондағы қосымшаларды меңгеру күрделі болып тұр. Шамамен 40 пайызы банктердің қосымшаларын біліп, онымен жұмыс істей алса, қалған 60 пайызы меңгере алмай жатады. Әлеуметтік желілер де қарттардың қолы жетпей жүр. Орталықтарда волонтерлар келіп, үш айдай уақытын бөліп үйретуде. Алайда араға уақыт салып, айналып келгенде, білгендерін ұмытып қалады. Оны да үйлестіруге болар еді. Өйткені қалалық Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарында қажетті барлық үйірме жұмыс істеп тұр. Бос уақытын пайдалы ортада, өнерлі іспен айналысам дегенге барлық жағдай жасалған.

Зейнеткерлерімізді қоғамның тыныс-тірлігін біліп отыратын, көзқарақты болғанын қаласақ, идеология жағынан танымдарын көтеруді ескеру керек. Орталықтарда жоғарғы деңгейдегі кездесулер, пікір алмасу үшін халық депутаттарымен тағы басқа лауазымды адамдармен кездесіп жатқанда қарттар майда тірлікті айтып, қоғамдағы маңызды мәселелерге аса көңіл қоя бермейді. Қоғамға бейімдеу осы нәрседен басталады. Көбінің деңгейі сын көтермейді. Сол себепті де қоғамдық өмірден сырт қалуда.

Бұл ретте «күміс еріктілер» белсенділігі ұнайды. Алысқа бармай-ақ қоялық. Зейнеткерлердің бір бөлігі бар, жұмыстан қолы босағаннан «маған ештеңе керегі жоқ» деп басындағы бүкіл ойдан арылып, еш нәрсеге құлқы да зауқы да жоғалады. Сол кісілер алдымен деменцияға ұшырайды. Ондай жағдайда тоғызқұмалақ ойынына тартып, мидың жұмыс істеу қабілетін арттыруға әрекет етеміз. Қарттардың ендігі бөлігі, белсенділігі өте жоғары, жігерлі жандар. Қоғам белсендісі болып, өз ойларын ашық айта алатындар көбірек болса, қарттарымыз қоғамның айнасы болып жүрмей ме деп ойлаймын.

№127-128 (4872) 30/10/2025 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ

3 ҚАРАША

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Інжу-маржан».
7:00 «TAŃSHOLPAN».
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». Телехикая.
10:10 «Бір сен үшін». Телехикая.
12:10 «Қызық екен...»
13:10 «Сезім толқыны». Телехикая.
14:10 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
15:00 «Сағындырған әндер-ай».
16:00 «ЖАЛҒАН ӨМІР». Телехикая.
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ».
18:00 «БІР СЕН ҮШІН». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ЖҮРЕКТЕГІ М¥З». Телехикая.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ».
23:10 «1001 ТҮН».
0:10 «Жалған өмір». Телехикая.
1:00 «Қазір айтайық». Әлеуметтік ток-шоу.
2:15 «Ашық алаң».
3:00 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
3:50 Әнұран
3:55 «Сана».
4:55 «Қызық екен...».
5:30 «Ауылдастар».

05:00 Телесериал «Восточные сладости»
07:00 «Оян!»
10:10 Глобальные события
10:30 Мультсериал «Лунтик»
11:00 Реалити-шоу «Шеберлер шайқасы»
12:00 Телехикая «Ғашықтың тілі»
13:45 Телехикая «Жарық күн»
14:30 «Хақың бар»
14:50 Жаңалықтар
15:00 «Өзекті»
15:30 «Айтыс айнасы»
16:00 Телесериал «Восточные сладости»
18:30 Пульс планеты
19:00 Жер-жаһан
19:30 Жаңалықтар
20:00 Телехикая «Ғашықтың тілі»
21:45 Телехикая «Жарық күн»
22:40 «КешREC»
23:40 Концерт
01:40 Телесериал. «Перекресток»

ASTANA TV

06.00 «Другие» телесериал
